

83.3/Абай  
М. 91



**1845  
1904**

...Қазақ халқының жар-  
қын болашағы үшін алы-  
сып өткен ұлы ақыны  
— Абай — бір елдің бел-  
гілі бір ғасырдағы ой  
өмірінің өрісі мен биі-  
гін көрсететін ақын-  
дардың қатарына қосы-  
лады. Алысты болжаған  
терең ойдың, үлкен са-  
рынның ақыны Абай ал-  
ды-артын шолып, қа-  
зақ халқының жалғыз  
әдебиеті емес, бүкіл ру-  
хани мәдениетінің келе-  
шегіне жөн сілтеп  
кетті.

Ғабит Мүсірепов

# «Жүрегіңнің түбіне терең бойла»

83.3(Абай)  
Х-91

# Жүрегіңнің түбіне терең бойла

(Абай ұлағатына арнау: ой-толғамдар мен  
өлеңдер)

АЛМАТЫ «РАУАН» 1995


«Жүрегінің түбіне терең бойла» (Құрастырып,  
алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған — М. Мыр-  
захметов, филология ғылымдарының докторы), Ал-  
маты: Рауан, 1995, 64 бет.

ISBN 5-625-02756-0

Бұл жинақ — халқымыздың данышпан, ұлы ақыны  
Абайға деген әлем ел-жұрты ықылас-лебіздерінің мыңнан  
бірі ғана. Ол ұрпақ сыйының сағынышты мөлдір тамшысын-  
дай. Абай жайлы жазғандарды түгел жинап құрастырса,  
том-том еңбек болары даусыз. Сөйтсе де, осы кітап тың ой-  
лар, жаңа жарияланымдарымен мектеп оқушыларын ғана  
емес, көпшілік оқырманды да риза етер деген үміттеміз.

A  $\frac{4702250206-014}{404(05)-95}$  223-95

ISBN 5-625-02756-0 Республикасының «Рауан» баспасы, 1995



## АРНАУ СӨЗ

Қазақ елінің рухани жағынан толысып, дамуы жолында ойшыл ақын Абай мұрасының алар орны және оның келер ұрпақтың рухани азығы болмақ таусылмас қазына көзіне айналуы біздер үшін әрқашан зор мақтаншп сезім тудырады. Абай мұрасын танып-білу, ғылыми тұрғыдан зерттей отырып таныту немесе көркем өнердің барлық жанры арқылы насихаттау, әсіресе, арнау өлең арқылы ұлы ақынға деген ұрпақ ойын кестелеу әрекеті — алдыңғы буыннан соң жаңа буын жалғастырған үзіліссіз, үздіксіз дәстүр.

Абайды тану әрекеті, әсіресе, баспасөзде ресми түрде 1889 жылдан басталып, бүгінге дейін, бір ғасыр аралығында, халық санасына жол салып, ата мұрамызды зерделеу мен толассыз насихаттау арқылы қалың оқырман қауымға сіңдіру міндеті де қосақабат жүргізіліп келеді. Қазақ халқын өзіне таныту жолында Абай мұрасы халқымыздың ой-санасында айрықша орын алуы себепті де, ол ақынның әрбір мүшел тойын өткізу жылдарында көбірек зерттеліп молығуда. Ғылыми зерттеу нысанасына алынып, ғылымның алуан саласында әр қырынан қарап бағдарлануы нәтижесінде рухани қазынамыз қордаланып жатса, бұл жұмысты жүзеге асыруда аға ұрпақ еңбегі де өлшеусіз.

«Абай сөздері дүниеде қалғаны зор бақыт... Абайды қазақ баласы тегіс білуі керек», — деп ұлы күрескер данамыз Ахмет Байтұрсынұв айтқандай, ертеңгі келер ұрпақтың жан дүниесін Абай сөзімен тәрбиелеуде атқарылар қыруар іс атаулының бәрі де ұлттық, мемлекеттік міндет ретінде алға қойылса керек-ті.

«Ұрпақ сыйы» деген атпен ұсынылып отырған бұл жинақ негізінен мектеп, бала-бақша бүлдіршіндері мен олардың ұстаздарына, студенттерге арналып отыр. Өйткені дана ақынның 150 жылдығына орай өтілетін мерейтойы қарсаңында Абай мұрасын жаңа буын жас ұрпақ санасына сіңіре отырып, рухани қазынасын молықтыру жолында оқу, тәлім-тәрбие беру ісіне септігі болар деген мақсатпен алғаш рет абайтану желісін аңғартар қысқаша пікір, арнау өлең үзкітерін жинастырып, топтастырып ұсындық.

**Мекемтас Мырзахметұлы**, Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы.

«ЖҮРЕГІҢНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА»

(ой-толғамдар)

АБАЙДЫҢ КЕЛІНІ КӘМӘЛИЯНЫҢ АЙТҚАНЫ

Мен түскеннен кейін әкем шақырып алып: «Қарағым, Қамаш, ата-енеңді сыйлау, үлкенді қадірлеу бетіңді жауып ұялып, тізе бүгіп сәлем етіп, жан біткеннен жасқаншақ болудан басталмайды. Алдымен менің өз алдымда бетіңді аш, сәлем етпей-ақ осы үйдің ішінде өзіңнің оң жақта жүргендегіңдей қаймықпай жүре бер. Мына Еркежан екеумізді ата-ене деп қарамай, әке-апа деп қара, менің тілегім осы»,— деп көз алдында менің басымдағы желегімді алғызды. Сол күннен бастап мен оң жақтағыдай еркін жүретін болдым. Біздің ауылдың үлкен-кішісі Абайды әке деп санайды екен, сондықтан мен де «әке» деп атайтын болдым.

Әкем қызықты, думанды, әзіл-қалжыңды өте жақсы көретін. Өз заманымызда ел аузына ілініп, атағы шыққан әнші, күйші, өнершілдердің әкеме келіп, өнер көрсетпегендері кемде-кем-ақ шығар. Әлі есімде, Қарқаралы жақтан Мауқай деген әнші келді. Ол әншілігімен қабат тамаша әртіс еді. Мауқай отырған үй той күнгідей ұлы думан болып жататын. Мауқайды бір жыл сақтады. Көп сый-сияпатпен қайтарды. Өзіміздің елден Майкөеннің Мұқаметжаны (әнші), Әлімқанның Мұқасы (күйші), Ағашаяқ... (күлдіргіш, биші) және сыбызғышы Қиясбай әкеме жиі-жиі келіп, өнерлерін көрсететін. Әншілердің әнін тыңдап болған соң, ол ән туралы, әнші туралы өзінің пікірін айтатын. Сондықтан да әншілер әкемнен әннің кемшілігін сұрап, түзетіп алып отыратын.

## ИБРАҺИМ ИБН ҚҰНАНБАЕВ\*

Ибраһим мырза ұлы ақын атанып бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты, 59 жаста еді. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. Шығармалары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты; араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар; тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ұтымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп, жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілердің басында тұр.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ\*

Мен пақыр, өз әкем өткен соң, ұлы атамыз Хажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және Хажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм (бос) қалып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз ғылымсыз өстім. Сүйтсе де, түркі танып, орысша хат таныдым.

Мұнан кейін әкеміздің бір шешесінен туған — Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай атайды. Сол кісі мұсылманша, әм орысша ғылымға жүйрік, әм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек, дана кісі еді.

Ержеткен соң, сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім.

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда, данышпан, ғұла-

---

\* Мақаланың авторы белгісіз. Татар тілінде шығатын «Уақыт» газетінде басылған мақаладан (1908 жылғы санынан) алынып берілді.

\* Шәкәрім Құдайбердіұлы — Абайдың немере інісі. Ойшыл ақын, философ, тарихшы. Шәкәрімнің бұл сөзі 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабынан алынды.

ма, философ кісі еді. Қор елде туды да, қор болып өтті. 1904 жылы, маусым айында 60 жасында өтті. Алла баршасының рухына рахмет қылсын!

## КӘКІТАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ\*

Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсыша Абайдан артық білетін ешкім болмады. Өзге жерде өтірікті-шынды жұртты өзіне қаратып жүргенде, Абай алдында надандығы білініп, масқара болып қалам ба деп шала оқыған ғылымы бар молда-қожалар Абайдан қашып жүруші еді.

Абай жазған өлеңдерінен басқа, әншейін отырғанда, көбінесе, өзінің қызықты көріп, көңілі рақат табатұғын, сөзін ұғар деген бала-шағасы уа ғайри жаңа талап, байыпты жас жеткіншектер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбенен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, ғылымды қайдан іздеу керек, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғылымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір не түрлі насихатпен болсын жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен бек рақаттанып айтып, ұқтырып отырушы еді. Бұл уақытта бір адам әншейін шаруа жайынан, ел жайынан сөз сөйлесе, бек ренжіп, ашуланып қалушы еді. Қанша халық надан болса да, Абайдың насихатын көп тыңдап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі медреседен оқыған ғылым жолындағы кісі сықылды әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, надандықтан шығып қалушы еді. Өз алдына медресе біліп, ұқса-ұқпаса да халыққа білгенін айтып, үйретіп отырғанын ең қызықты өмірім деп жазғаны:

Ақырын жүріп анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға.

---

\* Кәкітай — Абайдың немере інісі, қолында тәрбиеленген. Абай кітабын 1909 жылы Санкт-Петербург қаласында бастырған. Осы кітапқа жазған «Абай Ибраһим Құнанбайұлының өмірі» деген мақаласынан алынды.

## АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ\*

Немногим старше султана Барака бий Кунанбай, это тоже большая знаменитость в степи. Сын простого киргиза, одаренный природой, здравым рассудком, удивительной памятью и даром речи, дельный, заботливый о благе своих соплеменников, большой знаток степного права и предписаний алкорана, прекрасно знающий все российские уставы, касающиеся киргизов, судья неподкупной честности и примерный мусульманин, плебей Кунанбай стяжал себе славу пророка, к которому из самых дальних аулов спешат за советом молодые и старые, бедные и богатые.

Облеченный доверием сильного рода тобыкты, избранный на должность волостного управителя, исполняет ее с редкостным умением и энергией, а каждое его приказание каждое слово выполняется по кивку головой.

Не таким ли сочувствием в одной из самых просвещенных стран Европы окружал народ последние минуты умирающего трибуна, что как и Кунанбай, был его щитом против несправедливости и насилия богатых, этот народ, что оказался менее счастливым, чем нецивилизованный, не сумев выплакать у бога жизни для своего защитника, в порыве благодарности создал для умершего пантеон.

## ДЖОРДЖ КЕННАН\*

«Г. Леонтьев, которому я задал несколько вопросов о местной библиотеке, сказал мне, что она не только доставляет большое удовольствие ссыльным, но и расширяет умственный кругозор местных обывателей.

— Даже киргизы пользуются ею. Я знаю старика — киргиза, — Ибрагима Конобай, который не только посещает библиотеку, но читает даже таких авторов, как Милль, Бокль, и Дрэпер.

— Неужто в Семипалатинске есть киргиз, способный

---

\* Адольф Янушкевич — поляк халқының ардагер ұлдарының бірі. Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін патша үкіметі тарапынан XIX ғ. ортасында қазақ еліне жер аударылған. Қазақ елі мен оның айтулы адамдары туралы естелік хат жазған. Кітабы қазақ тілінде «Саяхаттар» деген атпен басылып шықты.

\* Джордж Кеннан — Америка Құрама Штаттарының журналисі. Оның «Сибирь и ссылка» деген кітабы 1906 жылы Санкт-Петербургте басылған. Абай туралы пікірі осы кітаптан алынды.



читать Милля и Дрэпера? — воскликнул удивленный студент.

— Смею Вас уверить, в первый же раз, как мы с ним встретились, он удивил меня просьбой объяснить ему разницу между индукцией и дедукцией. А потом я убедился, что он серьезно изучает английских философов и читает всех названных мною авторов.

— И вы думаете он понимает прочитанное? — допытывался все тот же студент.

— Я два вечера подряд экзаменовал его насчет «Умственного развития Европы» по Дрэперу — видимо, понимает».

### ЭЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ\*

Егер 80 жылдары өлең туралы көзқарасын мүлдем өзгертпегенде, өзінің ұлы дарынын көрсете алмай, дүние салған болар еді. Сол жылдары «Қазақтардың заңдық әдет-ғұрпы» туралы қырдан дерек жинап, кейін Маковецкий және Михаэлис мырзаның редакциясымен жарық көрген кітапшаға материал іздестіріп жүрген саяси жер аударылушы Грось мырзамен танысты. Грось пен Михаэлис екеуі де Абай аулында қонақта болып, оны орыс әдебиетімен таныстырды. Солардың ықпалымен Абай Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтің шығармашылығымен танысты. Абай өзінің өмірінің соңғы сәтіне дейін Михаэлисті ерекше ілтипатпен еске ала отырып: «Дүниеге көзімді ашқанға үлкен себепкер болған кісі — Михаэлис» деп өзінің оған борыштар екендігін білдіреді. Сонымен Абай Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюстің «Позитивті философиясын», Дрэпердің «Европаның ақыл-ойының дамуын», Н. Г. Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалаларын оқыды және олардың тағдырымен жақсы таныс болды. Абай, әсіресе, Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыды және «Ой», «Қанжар», «Дұға» т. б. өлеңдерін ден қоя аударды. Абай қазаққа түсінікті әрі пайдалы деп санаған Крыловтың көптеген мысалдарын тәржімалады.

---

\* Элихан Бөкейханов (1866—1938) — қазақ елінің айтулы қоғам қайраткері. «Алаш» партиясының негізін қалаушы. Бұл сөзі 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде Абайдың қайтыс болуына орай жазылған «Абай Қунабаев» деген мақаласынан алынды.

Өлеңдерінен көрініп тұрғандай, Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани шығармашылығын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді...

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ\*

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқашалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін біліп жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларын да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен үздік артық. Ол озушылық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай сөздері дүниеде қалғаны — қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды лақпай, тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қа-

---

\* Ахмет Байтұрсынов (1873—1938) — ұлы ғалым-тілші, ағартушы, көрнекті қоғам қайраткері. «Қазақ» газетінде редактор болып тұрғанда жазған Абайдың қайтыс болғанына он жол толуына байланысты «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласынан алынды.

рап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай?! Оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі, мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынап жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа таралмай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей облысынан басқа облыстарға таралмауы кісі таңқаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, күллі қазақ баласы уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі өрнекті сөздерден газетаға басып, көшке көрсетпекшіміз.

### МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ\*

Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі қазақ өзге жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы — тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұртта болса да, жалпы әдебиет жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің

өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соң да мәңгі ұмытылмастай болуы — біздің бірінші ескеретін бо-рышымыз.

Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұл-дыз — Абай.

Орыста бірінші жазушы — Ломоносов бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сон-да да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносов-тың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келе-ді. Мұнан соң мың жылдар өтсе де, оған көрсетілген қа-дір-құрметтері артпаса, кему жоқ. Біз де Абайға сол көз-бен қарарға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп, ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізгі жайлар ашарға керек.

Бір-екі ай мұнан бұрын Семей қаласында білімді, жү-регінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне хирағатхана ашады деп қуанып едік, сол хабардың жан-дануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей халқынан күтеміз. Өткен 26 қаңтарда Семей қаласында Географическое общество, ондағы оқыған қа-зақ жастарының жәрдемімен Абай құрметіне әдебиет кешін жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді кү-шейтуге зор дәлел болса керек... Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші бо-лып һәм бірінші қазақ әйелінің Нәзипаханым Құлжанова жамағаты майданға түсіп берген өрнегі еді.

Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыз-дың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан ба-лаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз.

Зәредей шұба етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. «Бірінші ақынымыз»

---

\* Міржақып Дулатов (1885—1935) ақын, жазушы, қоғам қай-раткері. «Қазақ» газетінің бас мақаласы ретінде 1914 жылы ба-сылған «Абай» деген мақаласынан алынып берілді.

деп қабіріне халқы жиі-жиі зиарат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар.

## НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ\*

Еліктеу сондай нәрсе, оны мүмкін қадар, есімізге кем түсірелік. Бірақ басқаларға басы бүтін ермеу біз секілділер үшін қиын іс және мүмкін емес. Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз, бірақ кімге еруіміз мақұлырақ? Кімге ерсек, заманға, логика — мантиқаға тура келер? Бұл мәселені мен орыс — Еуропа әдебиетіне еру мақұлырақ болар деп шештім. Өйткені шартарапқа ұлт әдебиеттері жалғыз Еуропа мәдениеті басшылығы арқасында жарыққа шықты. Еуропа мектептерінде оқып жатқандар ұлт әдебиет мектептерін ашты. Шнасилар, Камалдар, Әминдер, татарда Тоқай, Ғаяз, бірінші газетші Смайл Гаспиринский, қазақта Абай, — баршалары француз, орыс әдебиеттерінің пікірлері, идеялармен мәлім болды — баптанды.

Еуропаға еліктеу, менімше онша қорқынышты емес. Өйткені Еуропа мәдениетіміздің бір асылы дух критицизма — рух сыны, бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді және көзімізді ашып, қатемізді көрсетер. Абай әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, парсы жолы да ашық еді...

Енді өздік жолымыз қалды. Бұл жолға түспестен бұрын өте даярлануымыз керек, ұлт әдебиетімізді майданға шығармақ үшін ең әуел өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып, тәртіпке — белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек. Қазақ зиялылары бұл күнге шейін бұл туралы не қылды? Ештеңе...

Бізге ұят: халқымыздың бай әдебиетін, оның ертегілерін, мақалдарын, күйлерін, жырларын... білуге, жинауға құштарлығымыз жоқ. Бұларды көңіл қойсақ, жию қиын емес. Әрбір оқып-жаза білетін кісінің қолынан келетін

---

\* Нәзір Төреқұлов (1893—1937) — Орта Азия мен Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері. Қазақ тілі мен әдебиеті туралы мақала, кітаптар жазған. Бұл сөзі 1916 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Әдебиетке көз салу» деген мақаласынан алынды.

жұмыс. Егер халық аузынан жазып, бір жерге жинасақ, оларды тәртіпке салсақ, әдебиетіміз, ғылымымыз үшін бір пайда шығара алатын кісілер табылып қалар еді.

## ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ\*

Қазақта қашаннан білгіштің соңынан ергіштік береке бар. Оқыған зиялыларымыз да, оқымаған саңлаулы адамдарымыз да Абайды үлгі қылмайтыны жоқ. Халыққа еңбек сіңірген басшының соңынан жүретін, бірліктің ұшығы кейінгі оқығандарымызда жоқ деп айтуға болмайды. Еңбек қылған ер қадірін білу — ел борышы. Абайды құрметтеуге бүкіл қазақ, оның ішінде көңілі жетік оқығандар борышты. Абайды бетке ұстасақ, білгішке ергіштік нысанамызды көрсетеміз — бір, адамдық борышымызды атқарамыз — екі.

Еуропа халқында журналға кісі атын қойған үлгі жоқ десек, Еуропа көшеге де білімдінің атын қояды. Мағынасыз көшеге жақсының атын қойғаннан адамшылықтың аңғаруына жеміс беретін журналдың атын жақсыға арнағандық анағұрлым жақсы емес пе? Мақсұттың жолына кесір болмайтын жеңіл-желпі орын да алғы көзді жұмып, Еуропаға еліктей бермей, өз бетіміздің, жұрттығымыздың белгісін көрсеткеннен не кемдік табылады? Қаза, тексере берсек, Еуропаның өнеге қылуға жарамайтын жерлері де бар. Ал енді Еуропаны үлгі қылған күнде де «Пушкинский» қираатхана деген мен «Абай» журналы деген сөздің қанша алыс айырмасы бар? Жалғыз-ақ бірі журналдың, бірі қираатхананың аты болғандығы. «Абай» журналының ішінде ғылыми жол болса, қираатхананың ішінде ғылыми кітап болмай ма?

## ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ, МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Абайдың ең бір артық өзгешелігі — заманының ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, шарықтап жүріп, қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

---

\* Жүсіпбек Аймауытов (1889—1931) — жазушы, ақын, қоғам қайраткері. 1918 жылы «Абай» журналының редакторы болып жүрген кезінде осы журналда басылым көрген мақаласынан алынды.

Мұндай сипат — Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай, өзгеше зор мақсат үшін келгендігіне дәлел.

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл, білімнің һәр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол көп қазынаны барлық ырғағы — нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы қып шығаруы, әрі ақындығы, қыз тілді шешендігі.

Абайдың ақындық өнері тар жолды, бір беткей емес, һәр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез түзететіндік (ахлақи), тереңнен толғайтындық (фәлсафа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілдік, ызамен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводчиктік.

Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер — басқа ақындардан табыла бермейтін Абайға ғана хас сипат.

Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды — бір, ақындығы күшті болды — екі, өлеңнің өнер екендігін білді — үш. Сонымен Абай һешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып мүйіс шығарды, өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді. Осы күнгі қазақ әдебиетінің түрі Абайдың көрсеткен бетімен келеді. Абайдың ақындық күшінің зорлығы, өз заманында жұртты өзіне қаратып алып, кейінгілерді де сол ізбен әкеле жатыр. Кейінгі жазушылардың бәрі Абай өзіне еліктетіп, соңынан ертіп, шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр кіргізді.

Бұл күнгі ақындар Абайдың салған көп түріне түр қоспақ түгілі әлі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ. Көптің бетін бұрып алғандығы — ақындық екпінінің күштілігі. Абайдың өлеңінен пайдаланып еліктеу әлі қызған жоқ, бірақ мұнан да артық қызып, бірталай заманға шейін бармақ. Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады.

## АЛЕКСЕЙ БЕЛОСЛЮДОВ\*

Абай көзі тірісінде бағаланбады, мұның себебі ол шығармаларын бастыруға оның шектен тыс ықылассыздығы болды. Ол өз шығармаларын баспасөз бетінде бастырмады, сол себептен оның өлеңдері өзі өлген соң барып қана қазақ халқына танылды. Ол Пушкин, Лермонтов шығармаларын жақсы білді, олардың біразын қазақ тіліне аударды. Оның өлеңдері халыққа деген шексіз сүйіспеншілікке бөленіп, сол кездегі самодержавиялық чиновниктердің тағылық дүниесінің азабын тартып отырған қазақ елінің мұңы Абайдың «көрінбеген көз жасы» арқылы ашық бейнеленді. Оның тілі көркемдіктің ең жоғарғы дәрежесінде және осы тұрғыдан алып қарағанда, онымен қатар тұруға қазақ ақын-жазушыларының бірі де тең келмейді.

## НҰҚ РАМАЗАНОВ\*

Абай өлеңдері тыңдаушыларын қатты ұйытқан. Түрі көркем, мазмұны жағынан оның бәрі де халық өмірінің шындығынан алынған. Ақын, жыршылар Абайдың мысқыл, сықақ өлеңдерін айтқанда тыңдаушылар өз бойындағы дөп басып көрсеткен міндерін көріп, дуылдасып күлісіп отырған. Көтеріңкі күлкі біртіндеп саябырлағанда, тыңдаушылар ойға шомған. Ал жыршы, ақындар Абайдың «Бүркітші», «Аттың сыны», не табиғат, махаббат лирикаларын айтқанда, олардың көңіл күйі қайта көтеріліп, қанаттанып кетеді.

Басқа қазақ ақындарындай ұйқас үшін өлеңді жамау-жасқау қосалқы сөздермен былғау Абайда болмаған. Оның өлеңінде бірде-бір басы артық сөз жоқ. Әрбір сөз өз орнында тұрып, терең мағына білдіреді.

Абайдың көп өлеңдері ұшты-күйді жоғалып кеткен. Өйткені шабыты қозған тұста кез келген бір жапырақ қағазға жаза салып, жазғанын кез келген сұраған кісіге, не өнші, өлеңшіге бере салатын әдеті болған. Абай қайтыс

---

\* Алексей Белослюдов — Абай шығармаларын төңкерістен бұрын орыс тіліне аудартып бастыруды қолға алған ағайынды Белослюдовтердің бірі. Көзқарасы жағынан демократ, ағартушы. Бұл үзінді «Абай жүрген ізбенен» деген (Алматы, 1985) кітаптан алынды.

\* Нұқ Рамазанов — Санкт-Петербург университетінің студенті. 1914 жылы «Алшархият» кітабына Абайдың өлеңін орыс тіліне аударып, Абайдың өмірбаянын жазған тұңғыш биографтарының бірі.



болған соң әлгідей жазылған қағаздарды жинау арқылы кішкене кітап көлеміндей өлеңдер жинағы құрастырылған.

## ТЕЛЖАН\*

Абай сөзін жатқа білетін, Абайдың өз аузынан жазып алып отырған — Абайдың Мекаил деген баласы. Мекаил бұл күнгі басылған өлеңдерінің арасында қалған жолдарын, кітапқа кірмегендерін һәм қай өлең қандай мезгілде не себепті жазылғанын біледі.

Қашаннан Абай ауылымен аралас-құралас құданда болып келе жатқан ауылдас азамат — Мұхтар Әуезов бар. Мұхтар қаламға олақ деуге келмейді, һәм әдебиеттің төлбасымен де таныс. Соның үшін Абай кітабын жаңғыртып басушы — білемінді алдырмай амалы жоқ. Екінші, Абай сөзін жинап, тәржіме халына бейім шебер Мұхтар Әуезовтің міндетіне арту дұрыс-ау дейміз.

Қала берді Абай сөзін, тұрмысымен таныс білетін адамдар: Тұрағұл Абай баласы, Шәкәрім ақсақал һәм Көкбай — соның бәрі — Абайды жаңғыртып басарда, осы азаматтардың да жәрдемі көп тиеді.

## БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ\*

«Абай» деген соң-ақ, қазақтың азын-аулақ әдебиетімен таныс кісі Абайдың атын һәм қадірін білмей қалмайды. Әдебиеттен аулақ кісіге өкпе жоқ. Бірақ Абайды білген кісілер «Абай» Абай деп таныса да, көбі құмарын тарқатып, Абайдың барлық өлеңдерін әлі оқи алмай жүр.

Абайдың біз көріп жүрген өлеңдері бұдан он екі жыл бұрын 1909 жылда Петерборда Бураганскийдің баспаханасында басылған 125 беттік кітап. Баспасы баспа емес, сөздері жаңылыс, түрі сүйкімсіз; о да болса бірен-саран, аз ғана кісінің қолында болар. Біреуден біреу құдай ақы-

---

\* Телжан Шонанов — мамандығы тілші. Қазақ тілінен оқулықтар жазған, көрнекті ғалым. «Қазақ жері мәселесінің тарихы» деген монографиясы бар. 1937 жылғы сталиндік зобалаңның құрбаны болып кеткен. Бұл сөз 1921 жылы «Ақжол» газетінде басылған мақаласынан алынды.

\* Бернияз Күлеев — қазақтың талантты ақыны. 1899 жылы туып, 1923 жылы Қазан қаласында қайтыс болған. 1922 жылы Абай кітабын Қазан қаласында бастырып шығарған. 1921 жылы «Ақжол» газетінде жарияланған «Абай кітабы басылатын болды» деген мақаласынан алынып берілді.

на қарызға алып оқығандай. Көп кісі Абайдың атын естіп, сөзіне құмар болса да, осы жарымжан кітапты да қолына түсіре алмай жүр. Бұл кітап осы күні көзден бір-бір ұшып барады.

### ҒАБДРАХМАН САҒДИ\*

Тағы да айтатын бір сөз: Абай — XIX ғасырдың кейінгі жартысының адамы. Бұз заман — орыс сауда капиталының күшейген заманы. Орыс ақсүйектерінің (дворян тобының) қуат алған заманы. Өнер капиталының да басталып, өсуге бет алған дәуірі, орыс сауда капиталының һәм орыс патша үкіметінің бар күшімен қазақ елін жаншып езген заманы да — сол заман. Патша үкіметінің қазақ елінің үстіне түрлі жақтан құрық салған, шу қозғалтқан колонизаторлық, миссионерлік саясаты да сол замандарда күшейген. Бұл саясат бұрынғы билігін, билеу үшін болған таластарды, ру тартыстарын қуаттандырып, жаман бір жолға кіргізіп жіберген. Қазақ елінде өзара талас, өзара дұшпандық, қастық күшейген. Төрелік, болыстық үшін партия болып таласу деген туды.

Екінші жақтан, қазақ еліне, қазақтың арасына орыс миссионерлік школдары (яғни қазақты орыстандыру, орыс дініне кіргізу үшін қызмет ететін школдар) ашыла бастап, орыс патша үкіметінің орыстық саясатының күшті жүргізіле бастаған заманы нақ Абай заманына тура келді.

Сол жоғарыда айтылған сөзімізді қысқартып, жиып айтқанда, былай болады: кең дала, меңіреу шөл, көшпелі тұрмыс, көбінесе, аяқты мал шаруашылығымен күн көріс; Ресей сауда капиталының, Ресей патша үкіметінің әкімдігі; колонизаторлық, миссионерлік саясаты; аймақ-рулардың өзара төрелік, болыстық, ауылнайлық үшін тартыстары; бір-біріне қастық, надандық, қараңғылық, еңбексіздік, жалқаулық, бассыздық, қайратсыздық, өсекшілдік. Мінекей, Абайдың өзі ішінде жасаған айналасының, елінің, тұрмысының жөні сондай еді. Абай өлеңдерінде адамға сол жолдардың беретұғын әсерлерінің бәрі де ашық көрсетіледі.

Абай — сыршыл (лирик) ақын. Оның өлеңдерінің бәрінде де қайғы бар, зар бар. Ол зарланады, ел мұңымен зарланады. Өзінің білімді, сезімді болуы себепті, ел үшін

---

\* Ғабдрахман Сағди — Абай мұрасының көрнекті зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, САГУ-дің профессоры. 1922 жылдан өмірінің соңына дейін ұлы ақын мұрасын талмай зерттеген.

қайғырады. Оның тілінен шыққан зардың бәрі өз заманында қазақ елін басып жатқан қайғы, бақытсыздықтың ұшқыны. Абай өз мұңын ашық айтып берген төмендегі 4 жолдық өлеңімен:

Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.

Абай қазақтың жалғыз ақыны ғана емес, ақындықтың үстіне Абай — қазақ ояну дәуірін бастаушы ойлаушыларының ең біріншісі. Бұл туралы Абай былай дейді:

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Абай — ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстанған адам.

Қазақ халқы өзінің Абайы арқылы өзінің суретін, сипатын көп жақтан дұрыс көре алды. Сондықтан Абайды өз заманының айнасы десе де болады.

Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне әм ешбір адамға еліктегендігі білінбейді.

Абай — қазақ тілінің кең, әдемі бір әдебиет тілі болуға лайықты екенін ашық көрсетіп кеткен бір ақын.

Бұл тілдің әдеби жақтан істелуіне де Абайдың көп қызметі тигендік Абайдың өлеңдерінде ашық көрініп тұр.

Абай одағай сөздерден жасалған етістіктерді көп қолданады. Яки өзі сондай етістіктерді көп жасайды әм бұл туралы шеберлігі танданарлық.

Абай пәлсапа сөздерді, аса терең пікірлерді де еш қиналмастан жеңіл, ашық тілмен аңдата алады:

«Ақыл» мен жан өзім, тек менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Һәм:

«Мені» мен «менікінің» айырылғанын  
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес, —  
деген өлеңдері соған дәлел.

Абайдың жаңа өлшеулерінің әсерін жас қазақ ақындарына ғана емес, яки жас татар ақындарының бағзыларынан көріп отырмыз.

Жалпы әдебиеттің, оның ішінде көркем әдебиеттің тілді майысқақ, кестелі етіп түрлендіруге, мағыналы, терең етіп байытуға келтіретін пайдасын былай қойып, бала тәрбиелеуге, халықтың миын қозғап, белгілі бір қиялға тартып, керекті міндетке шақыруға, құлқын түзеуге келтіретін пайдасын, ішкі маңызын, мағына жағынан алсақ, көркем әдебиет алдымызда күшті бір құрал болып суреттеледі. Маңызы жүз есе артады.

Сол мықты құралды алдымен танып, жарыққа шығарып, өзінің тиісті жұмысына тура жұмсай білген адам — Абай. Бұл сөзден Абайдан бұрын қазақта әдебиет жоқ екен деген сөз түсіндірілмесе керек. Абайдан бұрын да қазақ әдебиетінің жазбасы да, ауызшасы да болған. Бірақ ол әдебиеттердің өзін-өзі танымағандығы, қайда, қалай жұмсалатындығы, өзінің міндетін толық білмегендігі болатын. Абайдың жаңа әдебиеттің басы болып саналатын себебі де содан. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» — Абай өлең жазуға қалай қарайтынын, оны қандай жолға жұмсамағын ашық айтып келеді. Әдебиеттің өсіп, өнуінде де түрлі тарихи дәуірлер бар. Қай дәуірдің әдебиеті болса да, өзінің жарыққа шыққан заманының жемісі болып отырады. Заманының ой-қиялы, әдет-ғұрпы, білім ауданы, жалпы тұрмыс шартымен байланысты болады. Заманындағы тіршіліктің шындығымен байланысы жоқ, белгілі негізі жоқ, шексіз еркін жайылған әдебиет болмайды. Сондықтан Абайдың қазақ әдебиетінде қандай орын алатынын, оның маңызын күшті білу үшін һәм түзу баға бере алу үшін алдымен оның тіршілік еткен заманы мен ақынның өзі ер жеткен ортасын білу керек. Абай қазақтың бас асаулық көрсеткен дәуірді бастан кешіріп, шет қожалыққа әбден бағынған, бойына құлдық мінезін сіңірген заманында туып-өсті. Бұл заман қазақ халқының басына қара тұманы қалың болып жиналған, жарық сәуле көрінер деген үміттен айрылған халық ортасындағы бұрынғы байланысынан айырылып, жат мінездер орнаған заман болатын. Абай осындай ұлт қиялының, ұлт қайратының сөңіп, ажарсыз тартқан дәуірінде туып, бойындағы қымбатты асыл өнерін аянбай жұмсарлық орын таба

---

\* Ақжол газетінде 1924 жылы «Абайдың 20 жылдығы» деген бас мақала Д. А. деген автордың атымен жарияланды, үзінді сол мақаладан алынды.

алмай, бетін бұрарлық жарық таппай, тіршілігінде ауыр қайғы кешірген. Саналы адамға ғана бұл — қайғы, жасы ұлғайған Абайдың өлеңіне өшпес мұңды таңба салған.

### ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫ\*

Тек перевод көзімен ғана қарағанда, құбылжытпай, өте дұрыс жасалған переводтар мыналар:

1. Көңілім менің қараңғы бол-бол ақын.— Еврейская мелодия) — из Байрона.
2. Тұтқындағы батыр.— «Пленный рыцарь».
3. Қанжар — «Кинжал».
4. Рахат мені тастап қоймадың тыныш.— «Хоть давно мне изменила радость».
5. Жолға шықтым бір жым-жырт.— «Выхожу один я на дорогу».
6. Парус.— «Желкен»
7. Асау той, тентек жиын.— «Казот».
8. Дұға.— «Молитва».

Орысша білетін жігіттер осы переводтарды Лермонтовтың өз өлеңдерімен салыстырып қараса, Абайдың шеберлігіне өздерінің де көздері жетеді. Бұл переводтар Лермонтовтың өз өлеңдерінен не мағына жағынан, не сурет жағынан, не тіл жағынан бір де кем емес. Ал, жат тілге үйренген жігіттер переводтың қандай қиын нәрсе екенін біледі. Әсіресе, ақынның тілін, мағынасын, суретін дұрыс перевод ету тым қиын нәрсе. Ол үшін кісінің өзі де ақын болу керек. Перевод деген нәрсенің қиын болатыны: бір тілде бір сөзбен айтатын мағынаны кей уақытта екінші тілге аударма алмайсың, аударсаң да дәл болмайды, не болмаса бір халықтың тілінің сөз орамы, екінші халықтың тілінің сөз орамына үйлеспейді. Әсіресе бұлар ақын сөздеріне жатады.

### ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ\*

Тегінде Абай өлеңнің, жырдың ұйқасымына өте сақтық қылатын ақын. Өлең-жырлардың нықтарында қыл сыймайтын қию бар. Басқалардай пікір үйлесетін жана-

---

\* Ыдырыс Мұстамбайұлы (1898—1937) — қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы. 30-жылдар ішінде Абай мұрасы туралы ойлы, ғылыми мақала, еңбектер жазған.

\* Ілияс Жансүгіров (1894—1938) — қазақ поэзиясының «күлагері» атанған ақын, қоғам қайраткері. Абай мұрасы туралы «Тілші» газетіне 1923 жылы мақала жариялап, Абайдың тұңғыш толық жинағына бас сөз жазған.

малау сөзді әкеле салмайды. Тізбегіне әдемі келетін ұна-  
сымды сөзді, пікірдің ішіндегі ұйқасымды да қармайды.  
Абайдың өлеңін дұрыстағанда бұл сарын да ескерілуі ке-  
рек.

\* \* \*

«Абайдың әдебиет түріндегі кестесі қалай?» дегенге келсек, оның әдебиет түрі — негізінде өлең. Абай — өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қа-  
зақтағы ел өлең-жырларының өлшеуін, үлгілерін кеңіту-  
дің үстіне араб, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін  
кіргізіп, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге  
қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан  
тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан ақын.  
Абайда ескілі-жаңалы он бір түрлі өлең өлшеуі бар. Мұ-  
ның ішінде Абайдан соңғы ақындар әлі қолданып, үлгі  
қып жаймаған: «Сен мені не етесің», «Ақылбайға», «Қа-  
тыны мен Масақбай» деген сияқты түрлері, өлшеулері  
бар. Жырдың бірінші, үшінші, екінші, төртінші жолы да  
ұйқасып отыратын көркемдікті қазақ әдебиетіне бастап  
кіргізген Абай. Бұл Еуропа, араб үлгісі. Сөйтіп, қазақтың  
әдебиетіне бірсыпыра жаңа өлең өлшемдері Абаймен ке-  
ліп кіреді. Бізге өзге түркі елдерінің, Батыс елдерінің  
өлең үлгісін Абай тастап кетті. Абайдың қара сөздері —  
ақыл, нақыл, үгіт сөздері, сындар. Абай сырлы әдебиет-  
тің күйсіз түріне, драма түріне еңбек еткен болса, — Абай-  
дың қалам қызметі бұдан да мол болатын еді.

### АБАЙДЫҢ БАЛАСЫ ТҰРАҒҰЛ\*

Бәрі келіп кітапты көп оқитын болғаннан соң, уақы-  
тының көбін кітап алатын болды. Бірақ кейбір түндерде  
я кітапқа, я құмалаққа түсін кетпесе, біреуге ертеқ  
айтқызып, я өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызығанда  
бұрын есітпеген ертегісіндей ынтасын сала тыңдап, бір  
сөзін қақпай, әбден айтып болған соң айтушының адас-  
қан жері болса, қайтадан өзі айтып түзеп беруші еді. Қа-  
зақтың ертегілерінде естімеген, білмеген ертегісі кем шы-  
ғар. Сонда қазақтың ертегісінен бұрын қай жерлерде жүр-  
гені, көршілес-күндес елдері қай жұрттар екені, діни бі-

---

\* Тұрағұл — Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Жазушы, ау-  
дармашы. Әкесі туралы М. Әуезовтің тапсыруымен жазған естелі-  
гі «Әкем Абай туралы естелік» деген кітабы 1993 жылы басылым  
көрді.

лімнің қандайлық кезде шыққаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп-қаракеті не екені көрінеді деуші еді. Жас кезінде де парсы жұртының — ямшид, қаһарман секілді ертегі кітаптарын көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғашқы біздің елді «Мың бір түнмен» таныстырған менің әкем. Осы ретпен орыстың әңгіме кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан біздің ел «Мың бір түннен» жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті.

Жалпы жай отырған кезде, ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіп отырушы еді. Бірақ, құдайдың өзіне берген сезімімен, айтпасақ та, не ойлап, разы, яки, наразы болып жүргенімізді бұл еткізбей біле қоюшы еді. Көңіл сезіміне билеткіштігінің бір белгісі: жас баланы әлпештеп шақырғанына бала ұмтылып келсе, қатты қуанып, «қаны тартып біліп тұр» деп рақаттанады. Егер шақырғанына жатырқап келмей, қашса, өкпелеп, ашуланып қалушы еді. Ондайда өз балалары, немерелері, інілерінің балалары болсын ұрсып, кейде ұрып та тастайтын.

## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ\*

### АБАЙ — ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГИ

*Сонда жауап бере алмап, мен бейшара,  
Сіздерге еркін тиер байқап қара.*

Абай.

#### 1. Еленбеген ерекшелік

Неміс прозасының іргесін қалаған М. Лютер «Жаңа өсиетті» («Новый завет») аударған болатын. Оның 1521 жылдан 1534 жылға шейін 13 жыл ұдайынан істеген әдебиет қызметі де — Тәуратты (Библия) неміс тіліне аудару болды. Сонда да оған Энгельс «Библияны» неге аудардың деп ұрыспай, тілге сіңірген еңбегін бағалап отыр. Абайдың аударғаны құран емес, — Байрон мен Лермонтов, Пушкин мен Гете, Қрылов. Өз жанынан жазғандары да дінге қатысты трактаттар емес, «өткірдің жүзі, кесте-

\* Құдайберген Жұбанов (1899—1938) — көрнекті тілші ғалым, профессор, Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл толу қарсаңында «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласы жарияланды.

нің бізі, өрнегін сөйдей сала алмайтын» сұлу өлең, шешен сөз. Сонда да оған «діншілсің» деп ұрсып, «Мен» менен «менікінің» айрылғанын, «өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», — дедің, идеализмге түсіп кеттің деп өкпелемейміз-ау!

Бұл, әрине, «Түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей. Сыртын танып, іс бітпес, ішін көрмей» — деп жалынып кеткен Абайдың арызын құлаққа ілмегеніміз ғой. Әйтпесе: «Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» — деген сияқты даусыз ақиқатты да таныған болар едік, образды көркем сөз бен философиялық концепцияның қайсысы қай жерге жүргенін де аңғарған болар едік. «Асау жүрек аяғын шалыс басқан» жері болса бір сәрі, кейде дұрыс басқан жерін де «шалыс» деп шатаспаған болар едік.

Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, ақымыз кететін түгі жоқ. Оның үстіне Абайдың ірі ақын болғанын, оның өлеңі болсын, қарасөзі болсын, бұрынғы халық ақындарынан да, шағатайшыл молда ақындардан да озып шығып, соны жол салғанын ескерсек, Абайдай бейнелі ақын сол кезде қазақта ғана емес, көрші елдерде де болып жарымағанын көру қиын емес.

Сөйтіп, Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза қазақ тілімен жазып, ол жазғанын классикалық әдебиет деңгейінде шығарған адам болған жоқ.

Абайдың бірқатар сыншылар ескермей жүрген бір оқшаулығы — осы.

Абай — өз ортасының Данте сияқты адамы. Бірақ Данте — ескінің соңы, жаңаның алды еді. Орта дәуір мен ояну дәуірінің аралығындағы көпір еді. Ал Абайдың алды жоққа жуық та, арты ғана бар: ол — соны дәуірдің басы. Оның төңірегі — Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені — классикалық Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой.

Абайдың осы алды жоққа жуықтығы, салған жолының сонылығы — елеңбеген ерекшелігінің бірі.



АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨМІРІ

Қазақтың өткен өмірін Абайдың жақсы білетіндігі оның барлық шығармаларынан көрініп отырады. Ол қазақ өміріне арналған көркем шығармаларымен қатар, қазақ тарихын жазу мақсатын көздеген. Оған оның «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген атпен жазуға кірісіп, басы ғана сақталып, аяғы жоғалған тарихтық еңбегі куә. Абай өзінің бұл еңбегін кең көлемде жазуды жоспарлаған сияқты, сақталған аз ғана беттер сол үлкен еңбектің кіріспе сөзі іспеттес. Себебі Абай өлеңінің бұл сақталған беттерінде қазақтың өмірін Ахмет ханның (XV ғасырдың аяғы) тұсына әкеп тоқтайды. Бұл — қазақ мемлекеті жаңа ғана құрыла бастаған кез.

Осы еңбектің өзінен біз Абайдың қазақ тарихы туралы мағлұматы мол екенін, Шығыс және Батыс тарихшыларының қазақ туралы жазған еңбектерінің көбін оқығанын және сол оқыған материалдарына өзінің белгілі көзқарасы болғанын аңғарамыз.

Абай қазақ халқының шыққан тегіне дұрыс көзбен қараған. «Біздің қазақтың ықыласы,— дейді Абай,— атасын ғарабтан шықты дегенді, яки бәни Израилдан шықты дегенді ұнатқандай. Онысы, әрине тауарихтан (тарихтан) хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мәлім: әуелде адам балалары бұл күнгі орынға екі жақтан толқынып келгендігі: бірі — Үндістан тарапынан, ол жақтан келген жұртың бәрі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екінші — маңғұл жақтан келген: олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдардың айтуымен, ауыз хабарына білгенге қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі — біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шыққандығы бізге ұят емес, бірақ білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят».

---

\* Сәбит Мұқанов (1900—1973) — жазушы, академик, қоғам қайраткері. Абай туралы зерттеу еңбектерін жазған. Ұлы ақын туралы жазылған «Жарқын жұлдыздар» деген монографиялық еңбегі бар.

Қазақ тарихшыларынан мұндай пікірге бірінші келген Шоқан Уәлиханов. Бірақ оның «Қазақтың ата тегі» деген атпен орысша жазған еңбегі ХІХ ғасырдың 60-жылдарында жазылғанмен, архивінде жатып қалып, 1904 жылы ғана жарияланған. Сондықтан Абайдың оны оқуы мүмкін емес. Абайдың бұл пікірге келуге сүйенген материалдары 1832 жылы «Қырғыз-қазақ ордасының тарихы» деген атпен үш томды кітап шығарған Алексей Левиннің, «Қасым хандығының тарихы» деген кітап жазған Вельяминов-Зерновтың, ХІХ ғасырдың 90-жылдары «Қырғыз бен Ұлы жүз қазақтарының тұқымын зерттеу тәжірибесінен» деген атпен және «Түрік тұқымдас халықтардың құрылысын және санын зерттеу туралы» деген атпен кітап жариялаған Аристовтың, Радловтың, Крафттың, Добросмысловтың, тағы басқалардың қазақ туралы жазған еңбектері болу керек. Осы еңбектерге сүйеніп отырып, қазақтың араб емес, монғол-түрік тұқымдас ел екенін Шоқаннан кейін анықтаған адамның бірі Абай болды.

Бұдан Абай Шығыс тарихшыларын, я қазақ шежіресін, немесе тарихқа жәрдемші материал — қазақ фольклорын ескермеді, есептеспеді деген мағына аңғарылмауға тиісті. Оның Шығыс тарихшыларын, Мұхаммед-Хайдар Дулатиді, Абылғазы Баһадұрданды, «Тыбри», «Тарихғұлуми», «Бабырнама» сияқты араб, парсы және түрік тілінде жазылған тарихи кітаптарды оқығандығы. Шығыстан да, Батыстан да оқыған кітаптарын қазақ шежіресімен, қазақ фольклорымен салыстырып отырғандығы «қазақ» деген сөздің қайдан шыққандығы туралы пікірінде, қазақтың монғолға бағыну туралы айтқан пікірінде айқын көрініп отырады.

«Біреу сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» деген еңбегін Абай тарихшы болу мақсатымен емес, өзінің алдына қойған бір мәселесін шешіп алу үшін жазғанға ұқсайды. Ол — «көп ғасыр бойына қазақтың көшпелі тарихы неге өзгермей келді? Неге ол Еуропа мәдениетіне жете алмады? Оның материалдық мәдениеті өспеуіне кім айыпты?» деген мәселе. Абайдың ойынша, мұндай артта қалушылыққа ХІІІ ғасырдан басталатын монғол шапқыншылығы айыпты.

## ФАБИТ МҮСІРЕПОВ\*

Қазақ халқының жарқын болашағы үшін алысып өткен ұлы ақыны Абай — бір елдің белгілі бір ғасырдағы ой өмірінің өрісі мен биігін көрсететін ақындардың қатарына қосылады.

Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынның ақыны Абай алды-артын шолып, қазақ халқының жалғыз өдебиеті емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жөн сілтеп кетті. Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді. Ол өз заманы мен өз елінің қайғы-мұңын көтергенде соны тарихи даму жолындағы бар адам баласының тақырыбына айналдыра алды.

Абай — қазақ халқының тарихындағы жаңа бір асудың тұсындағы ақыны. Бұл дәуір қазақ халқынан шыққан ой адамдарының ел болашағы үшін қатты толғанған кезі.

Абайдың ұлылығы — ол тарихи жағдайлардан аспай, алар бағытын, түсер жолын дәл тауып, қазақ елін ұлы орыс халқының бауырына бейімдеп, сол ұлы халықтың ұлы мәдениетіне құшағын кең аша ұмтылуында. Ойлы ақын Абай бөріктіре келе жатқан патша отаршылдығының тұсында-ақ орыс халқының шын тұлғасын дұрыс таныған. Советтер Одағының үлкен жазушыларының бірі Леонид Соболев «Орыстікі дегеннің бәріне кек, бәріне қарғыс айтқызып келе жатқан патшалық езу-қанаудың тұсында, Абайдың орыс мәдениетіне ұмтылуы шын-ақ таң қаларлық іс», — дейді.

Ұмытпауымыз керек, Абайдың алдындағы және Абай тұсындағы «зар заман» ақындарының беталыс бағыты Абайға тіпті ұқсамайтын.

## АХМЕТ ЖҰБАНОВ\*

Ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыка жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйт-

---

\* **Ғабит Мүсірепов** (1902—1985) — жазушы, академик, қоғам қайраткері. Абай мұрасы туралы әр кез пікірлер айтып отырған. Қазақстан жазушыларының ішінде алғаш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

\* **Ахмет Жұбанов** (1906—1968) — композитор, өнертанушы ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Абай» операсының авторы.

кені Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жетеді.

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі — олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі — мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнның ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде тыңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймайды, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жаңа тілі қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сөйтіп, Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына — ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастайды. Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан-ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрынсоңды қазақтың халықтық музыка салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең тексіне құрылуы да себеп болды.

### ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ\*

Ақын өзінің әлеумет өміріне арналған «Сегіз аяқ» атты өлеңінде қазақ өмірімен байланысты мәселелердің әрқайсысына ерекше тоқтап, аталық сөздер айтады.

«Сегіз аяқ» — Абайдың өз заманына көзқарасының қорытындысы тәрізді өлең. Ақын надандықты, жігерсіздікті, сөзінде тұрмайтын алдампаз адамдарды, ұятсыз, арысыз, өсек, өтірік, мақтан тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты, тағы осы секілді жаман әдеттердің бетін ашады. Өз кезіндегі өмір шындығының күңгірт жақтарын әйгілеп, жұртшылықты олардан сақтандырмақ болады.

---

\* Қажым Жұмалиев (1907—1969) — ғалым, ақын, жазушы, педагог. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Ұлы ақын мұрасынан тұңғыш рет докторлық диссертация қорғаған. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген монографиялық еңбек жазған.

Ақын бұл өлеңінде өмір шындығының тек бетін ашып қана қоймай, мақсатты орындау үшін не керек екендігін де ашық көрсетіп береді. Бұл — өз елінің малын жаудан, басын даудан қорғап, бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып алға апарамын деген адамгершілік еді. Абайдың даналығының бірі — сол дәуірде өз ортасында озат шығып, халықты мәдениеттендіру мәселелерін жыр етуінде еді.

Еңбек, ғылым, адамгершілік жер жүзіндегі ұлы, данышпан адамдардың бәрінің де көңіл бөлген мәселелері болды. Міне, бұл мәселелер жөнінде Абай да қазақ даласынан шығып, оларға үн қосып, ұран тастады.

Еңбек туралы Абай көп жазды. Жастардың адам болуы үшін ең алдымен еңбек етуі керек. Ғылымға қол жету де, әлеумет өмірінде пайдалы жұмыс істеу де, — бәрі де еңбекпен байланысты деген қорытынды шығарды.

«Сегіз аяқтың» бір жерінде:

Болмашы кекшіл,  
Болсайшы көпшіл  
Жан аямай кәсіп қыл! —

деп, адамның адамшылығы өз басына емес, көпті сүйген адал жүрегінде, еңбек етуде десе, екінші бір жерінде:

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім... —

деп, жұртты өнер, ғылымға шақырады. Сөйтіп, надандыққа қарсы ғылымды, алауыздыққа қарсы бірлік, жалқаулыққа қарсы еңбекті, пәлеқорлыққа, жауыздыққа қарсы адамгершілікті қояды да, алдыңғылары елді азғыратын қылық, соңғылары халықтың көсегесін көгертетін, игілікті деген қорытынды шығарады.

Абай кезінде әлгі айтылған әр түрлі кертартпалық әрекеттер мейлінше өрістеп, «дағдыға» айналған болатын. Өтірік, өсек, «домалақ арыздар» Абайдың өз сыртынан да талай жауған болатын. Сондықтан оған қарсы күрес оңайлықпен қолға түсе қоятын іс емес еді. Ақын оны жақсы білді. Әйтседе, өз халқының ауыр халін көре тұра, қиыншылықтан қорықпай, тәуекелге бел буды.

Абай жолының ұзақтығын да, көздеген мақсатын орындап шығуға өз өмірінің аздық ететіндігін де ұғып, басынан базары өтпей, қолынан іс келетін жастық шағын өз халқының бір керегіне жаратып қалуға тырысты. Жауыздықтың бетін ашып, жақсылыққа жол сілтеді. Толып жатқан

кертартпа қара күштерге қарсы шығып, күрес ашты. Айналасын оятып, өзінің жолына түсірмекші болды. Бірақ ол кездегі ел тізгінін ұстаушылар ескі әдетіне қарысып, игілікке қарай аяғын баспады.

Абайдың:

Жартасқа бардым,  
Күнде айқай салдым,  
Одан да шықты жаңғырық.  
Естіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім, қаңғырып.  
Баяғы жартас, бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас, —

дейтіні, міне, осындай жағдаймен байланысты шыққан жалғыздықтың ащы үні болатын.

Айналасының оны ұқпауы, ұғу былай тұрсын, оған бөгет болып, оңға деген ісін теріске айналдыруы, алға ұмтылған адымын етегінен басып кері жіберуі, міне, осының барлығы қазақ елін ілгері дамытуға қиын асу болушылығы — жұрт тағдырын қолына алып, алдына зор мақсат қойған, ел түземекші болған ақынға аз соққы, жеңіл қайғы болған жоқ.

Өйткені қазақ халқының мәдениетке ұмтылуына көмектеседі деп Абайдың көз тіккендерінің бәрі де «баяғы қулық, бір алдау, қысылған жерде жан жалдаудан» шыға алмады. Ақынға көмек берудің орнына, жаулық ойлады. Сондықтан да Абай:

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ештеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.  
Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым тап шыным! —

деп, өзінің жалғыздығын білдіреді.

Абай жалғыз қалдым дей тұрса да, өмірден безіп, сарыуайымға салынбайды. Оның шығармаларын зерттей келгенде жақсылықты болашақтан күткен, келешектің бір жақсаруына нық сенген ақын екендігін көреміз.

Сөйтіп, Абайдың «Сегіз аяғы» — өз кезіндегі өмір шындығын да, одан қалай шығудың жолын да, ел тілегінен ту-

ған өз басындағы күйініш, сүйінішін де кеңінен толғап, дұрыс көрсетіп берген өлеңінің бірі. Мұның бір жағы сын, сықақ болса, екінші жағы — өсиет, гибрат беру еді.

## ҚАБАЙ\*

### АБАЙДЫҢ ПОЭЗИЯ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕРІ

Абайдың поэзия туралы өлеңдері қазақ жазба поэзиясы алғаш дүниеге келе бастаған мезгілде жазылғандықтан, ол қазақ жаңа поэзиясының басталуы, дамуы үшін елеусіз зор ықпал көрсеткен. Қазақша орта мектептерге арналған тіл, әдебиеті оқулықтарының ішінде «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлең енгізілмегені жоқ. Демек, XX ғасырдың мұқым қазақ ақындары оқушы кездерінен-ақ Абайдың поэзия туралы өлеңдерінің дәмін алған. Сол үшін шығармашылығымен алғаш шұғылданғаннан бастап-ақ оларда ортақ бой ұсынатын көркемдік өлшем болған.

Қазақтың жаңа поэзиясы кешірек басталғанымен, бірақ өзге туысқан ұлттардың әдебиетіне тез жетісіп алды, осы бір жайды қазақ әдебиетін зерттегендердің бәрі де байқап отыр. Біздің Ұлы Отанымыз да, Орта Азия да, қазақтар шоғырлы қоныстанған Советтер Одағында да қазақ поэзиясы таңқаларлық тартымды ажарын көрсетуде. Осының өзі де қазақ ұлтының тарихтан бері поэзиялық дәстүрі болуынан, оның үстіне қазақ жаңа поэзиясының әу бастан-ақ дұрыс бағдар тауып, даму барысында бұралаң жолдарды аз басқандығынан екені шексіз. Мұны тағы Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген үлесі деп есептемеуге қақымыз жоқ.

## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ\*

Ардақты атаның лирикаларын кеңескенде мазмұн тереңдігін, түрінің көркемдігін түгел айтып жеткізу қиын. Пішіп, кесіп айттым деуге ол көнбейді. Себебі, ол — ұлы ақын. Ұлы ақындардың бір рет қамтуға сыймайтын қасиеттері қашаннан белгілі. Абай да сондай. Еліміз өскен сайын, ол үлкейе береді. Сапамыз артқан сайын, ол терең-

---

\* Қабай — Абай мұрасын қытай тіліне аударушы ғалым. Абай шығармалары туралы кітап жазған.

\* Әбділда Тәжібаев (1909) — ақын, Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ұлы ақын мұрасын зерттеуші.

дей береді. Біліміміз артып, көзіміз ашыла түскен сайын, біз ақынның өзі туралы, өз басының жеке күйін шерткен күйлерінен адам, адамдық қоғам туралы сырларды көбірек көре түсеміз. Өйткені оның поэзиясында мәңгі өлмейтін қанатты жан бар. Мәңгі өшпейтін керемет бояу бар. Жылдың төрт мезгіліндей ауысып, тарихымызбен бірге жасаса береді. Сондықтан оның зерттеушілері, мадақтаушыларының да көбейе беретініне таңдануға болмайды. Өйткені ақын өз ұлтынан артылып, бүкіл адам баласына достыққа беттеп барады. Біз Абай лирикаларынан осы қасиеттерді түгел табамыз.

### ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ\*

Абайдың толып жатқан өлеңдері мен айтқандарынан адамның психологиясын жете білуге аса зер салғандығын және оның өзін күнделікті өмір үшін қажетті нәрсе деп есептегендігінен көруге болады. Әлеуметтік еңбек өмірінде және тұрмыста қарым-қатынас жасау, ниеті жат жауларды тани білу және олармен қалай қатынас жасау — міне, осылардың бәрі де Абай түсінігінде, адамдардың психологиясы мен мінездерінің (характерлерінің) ерекшеліктерін тани білуді талап етеді.

Абай психологиясының әдістері (методтары) туралы арнап еш нәрсе айтпайды. Бірақ оның шығармаларынан өзінің шығармашылық еңбегінде объективтік және субъективтік бақылау (байқау) әдістерін қалай кең қолданылғаны байқалады. Абай шындығында байқағыштығы өте күшті дамыған және бақылаған объектісінің өте ұсақ ерекшеліктеріне шейін байқап қалатын адам болған. Мәселен, оның көркем сөз талантының ең тамаша үлгілері болып табылатын «Қан сонарда», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884), «Жаз», сол сияқты жақсы аттың сынын сыйпаттайтын «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», т. б. өлеңдерін зер салып оқысаңыз, сыртқы табиғаттың құбылыстары мен жағдайларын, адамдардың әрқайсының жеке-жеке психикалық айрықша нәзік белгілерін, күйініш-сүйінішін ақынның өте шебер байқап отырғандығына көзіңіз жетеді. Бірсыпыра өлеңдерінде ақын өзінің баға жетпес асыл ойларын және адамды толғандыратын эмоциялық күйініш-сүйінішін өте дәл жеткізіп отырады.

---

\* Төлеген Тәжібаев (1910—1964) — психолог-педагог ғалым. Көрнекті қоғам қайраткері. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Абай мұрасы туралы кітап жазған жаңашыл ғалым.



Ол өз өлеңдерінде әр түрлі сословиенің, әр түрлі мамандықтың және әр түрлі жас мөлшерінің тобына жататын адамдарға өте айқын психологиялық мінездеме беріп отырады.

### ТЕМІРҒАЛИ НҰРТАЗИН\*

Ақындық рухқа, поэтикалық шабытқа орыс, Еуропа жазушыларымен дәрежелес баға беріп, қазақ өлеңіне бірінші рет ендірген Абай.

Төрт салалы өлеңнен жалығып, жаңа түр іздеген Пушкиннен өнеге алған Абай қазақ өлеңінде сөз мүшесін жаңалаумен тынған жоқ, поэзияда бұрын болмаған ырғақ, жаңа мөлшермен тосыннан он бір өлең түрін жасады. Ғасырлар бойы қоныс аудармай қойған өлең мен жыр Абай бойына шақ емес еді. Көңілін өлең кернеген халыққа құлашын еркін сермер жаңа ырғақты, көп өрнекті өлең, ән керек еді. Соны ойлаған Абай тоқсан толғаулы, терең мағыналы жаңа поэзия жасады.

Абайдың «Сен мені не етесің?», «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, қаламқас» деген өлеңдері — қазақ поэзиясында тың жаңалық, асқар биік. «Сегіз аяқта» Абай өзінің өмір қорытындысын сипаттайды. Көп құбылалы, толғаулы ойды шолған, қиын қияға шарықтаған өмірді бейнелеуге сай өлең «Сегіз аяқ» еді. «Сен мені не етесінде» Абай өлеңнің дағдылы ырғақ, ұйқасын мүлде бұзып, тынысы кең, мағынасы мол өлең жасады. Өлең жолының буындары, жалпы шумақтағанда, белгілі шеңберді төңіректен отырғанымен, ырғақ бірде артық, бірде кем келіп, жаңа із салады.

Өлсе бір сөзбен, не керек...  
Білесің сен зерек,  
Мен пендеңе,  
Болды деме  
Кел, қарас.  
Ешкім сөгіс  
Айтпас...—

дегенде дағдылы өлең салтының ырғақ, ұйқасымы ғана емес, сөз мүшесін қиыстыруда Абай ескі өлең салтынан алыстап кетеді. Шағатай үлгісімен құрылған қазақ өлеңдерінде пікір шумағы жол алдында аяқталып, екінші жолды жартылап барып тынатын ұзақ, құрмалас сөйлем кездеспейтін: төрт құбыласы түгел болып, ақсамау үшін өлеңнің ырғақ үйлесімі сақталу бірінші шарт болатын.

Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз,  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз,—

дегенде жол аяғында тыныс жасалады.

«Ешкім сөгіс» деген Абай өлеңінің аяғына тыныстау мүмкін емес:

«Ешкім сөгіс  
Айтпас...»

деп барып қана тыныстауға болады.

Бір жолдан екінші жолға жататын сөйлемді Абай тек жаңа өлеңдерінде ғана емес, қара өлеңдерде де қолданды.

Білімдіден аяман сөздің майын.  
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.  
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі  
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын,—

дегендегі «ердің көңілі жаңғырсын» деген сөз шумақтары тұтас ұғым беретін болғандықтан, Абай екі жолға жарып сыйғызып, өлеңнің мағынасы ақсамауын қадағалайды, жол аяғына тынатын ескі дәрежеге бас имейді.

Тұла бойы түгел көркем өлеңдер жасағанда Абай сұлулыққа елігіп, тізгінінен айырылып қалмайды, әрдайым әмірші өзі, көркемдікті халықтың көзін қойып, көңілін ашуға қызметші қылады. «Сегіз аяқты» бастағанда-ақ Абай:

Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,—

деп, тыңдаушының санасына салмақты сала сөйлейді.

## ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ\*

Ұлы жазушылар, ұлы ақындар халық пен халықты жақындастырады, ұлт пен ұлтты бауырластырады. Абайдың бір өзі қазақ халқын қанша елге танытты. Дүние жүзінде оны білмейтін прогресшіл ел жоқ. Абайдың 125 жылдығы қарсаңында Москваның «Прогресс» нәшірияты ақынның шығармаларын әлденеше шетел тіліне аударып шығарды. 200 томдық «Күллі әлемдік әдебиет кітапхана-

\* Теміргали Нұртазин (1907—1977) — сыншы, ғалым, педагог. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Абай мұрасының зерттеушісі.

\* Тәкен Әлімқұлов (1918—1987) — жазушы, әдебиет сыншысы. Абай мұрасын зерттеуші. Оқырман қауым жылы қабылдаған «Жұмбақ жан» кітабының авторы.

сында» Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы жарық көрді. Туысқан республикаларда Абайдың төл туындысы ұлт тіліне аударылды.

Шетелдікпен кездескен адам шетел тілін білмесе, әдетте сол елдің адамын атайды. Абай осындай тұлға. Ағылшын, яки неміс тілінде, үнді яки жапон тілінде Абайды атасаң, сенің қазақ екендігіңді ұғынады. Абай халқымен мақтанса, қазақ халқының Абаймен мақтануында осындай сыр бар. Көзі тірісінде-ақ ел аузындағы лақапқа, аңызға айналған Абай есімі бесік жырына, ана әлдіне айналуға лайықты.

### ЗӘКИ АХМЕТОВ\*

Ақындық өнерді өзіне өмірлік зор мақсат етіп, өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруге Абай тек 80-жылдардың ортасында жұмыла кіріседі. Бұл Абайдың айналасын болжап, әлеуметтік құбылыстарды терең бағалап, кең ойлай алатын, көргені мен түйгені, тәжірибесі молайған, әбден келіне келген шағы болатын. Ақынның осы тұста (1882—1886 жылдары) жазған өлеңдері идеялық және көркемдік қасиеттері жағынан аса мағыналы, жаңа сапалы және ұзақ өнімді ізденістерінің қорытындысы, нәтижесі болып табылады. Бұл жылдардағы шығармаларында тұжырымдалған идеялар мен тақырыштардың өрісі негізінен ақынның соңғы жиырма жылдағы өмірін қамтитын бүкіл шығармасына үзілмес арқау болып, үнемі тереңден, дамып отырады.

Абай адам образын жасаудың принциптерін өзгертіп, жаңартты. Ең алдымен Абайдың адам мен қоғам жайындағы концепциясы — қазақ топырағындағы жаңа концепция. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық қабілетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі. Мысалы, Абай өлеңдерінен неше түрлі адамның әлеуметтік дәрежеге көтерілген жинақтаушы бейнесін бүкіл іші-сыртымен көз алдымызға келтіреміз. Солардың бірі «өз малын өзінікі дей алмай, күндіз — күлкі, түнде — ұйқысы» бұзылған бай. Бұл кәдімгі, бір жағынан, билеуші чиновниктер, екінші жағынан, ел ішіндегі әкім, төрелер тарапынан екі жақты қыспаққа ұшырап, есі шығып, өз малын өзі билей алмай, әлекке

---

\* Зәки Ахметов (1928) — ғалым, педагог. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі. Абай мұрасының көрнекті зерттеушісі.

қалып, жапа шегіп жүрген сасық бай. Немесе Абайдың болысын алайық. Бұл да Абаймен замандас. 80—90 жылдардың болысы. Ол ата-бабасынан ел билеген феодал, шынжыр балақ шұбар төс емес, малымен, байлығымен жеткен қулығы байлығынан да артық сұм-сұрқия, пасық жан. Оның ел билеу тәсілі, адамдармен қатынасы алдау-арбауға, әлдіге келгенде шыбындан, әлсізге келгенде қырындауға негізделген. Абай мұндай билеушілер бастаған, билеген елдің оңбақ еместігін үлкен көркемдік шындық, идеялық түйін ретінде ұсынады. Абай адам образын қоғамдық орнына, мүддесіне, сол мүддеге жету жолындағы ішкі сезімі мен айла-тәсіліне байланысты жасады. Ол өз заманындағы сан түрлі әлеуметтік топтардың барлығын да осы тұрғыдан терең зерттеп көре де, бейнелей де білді. Қожа, молда, ауылнай, жүзбасы еңбексіз мал таппақшы пасық, амалын тауып күнкөрмек епті, «бұзылса елдің арасы мал таппаймын демейтін» қулар, қулықты ат-шапаннан кем көрмейтін даңғой, дарақы той-думаншыл бозбала, еңбексіз еріншектер, т. б. ақын шығармаларынан кең орын алып, өздеріне ғана тән типтік жағдай, типтік характерімен көрінеді. Ақын осыншама сұм-сұрқия адамдар мен олардың өзара қатынастарынан құралған қоғамдық тұрмыстың тозығы жетіп, ескіргенін өз творчествосының бүкіл рухымен дәлелдеді.

### МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ\*

Дүние жүзі әдебиет өнерінің қазынасынан. Шығыс пен Батыс мәдениетінен мол үлгі, өнеге алған Абай ғана қазақ поэзиясын басқалармен терезесі тең дәрежеге көтере алды, мағынасы жағынан да, түр-формасы жағынан да қазақ өлеңіне түбірлі өзгерістер, жаңалықтар енгізді.

Ұлы Абай — қазақ әдебиетінің классигі. Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуына, қазақтың әдеби көркем тілінің дамуына жасаған ықпалы орасан. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деуінің мәні бар, өйткені, Абай енді сөздің мазмұнына да, көркемдік қасиетіне де мүлде жаңа сипат берді. Бұрынғы таныс сөз енді жаңаша мағына алып, басқаша әуен танытты. Міне, сондықтан да біз

---

\* Мүсілім Базарбаев (1927) — көрнекті әдебиетші, ғалым, қоғам, мемлекет қайраткері, профессор, филология ғылымының докторы, «Өлең — сөздің патшасы», «Көрнекті ойдан — көркем сөз» т. б. кітаптардың авторы.

Абайды жаңа жазба әдебиеттің негізін салушы, ұлы классик деп білеміз. Орыс әдебиеті үшін А. С. Пушкиннің орны қандай болса, қазақ әдебиетіндегі Абай жөні тап сондай. Ломоносов, Фонвизин, Карамзин, Жуковский сияқты алыштар бола тұра, Пушкиннің орыс жазба әдебиетінің басы саналатыны тегін емес. Пушкин де, Абай да — ұлы жаңашылдар, сондықтан да олар ұлы өнеге, ортаймас үлгі қалдырды, бізді күні бүгінге дейін таңдай қақтырып, таң қалдырады.

Абай жүрегінен басталған көпір өткен дәуірмен бізді, қазіргі замандастарды ғана емес, басқа халықтарды, басқа әлемді де жалғастырады.

### ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ\*

Абай — қазақ әдебиетінде талай типтің үлгісін жасаған ұлы ақын. Әсіресе жағымсыз типтерді көп жасады, кейіпкерді типке айналдыруға оған екі мәнді арна — орыс әдебиетіндегі сыншыл реализм бағыты — ұлы сатирик Щедриннің ұстаздық ықпалы, екінші — қазақтың ауыз әдебиетінің тамаша үлгілері әсер етті. Өмір шындығынан алынып, озық идеяға негізделіп, шын ақындық електен сомдалып шыққан типтер, сол үшін тудыруға себепші болған қоғамдық құрылыстың сын-сипатынан хабар береді. Бұл үшін Гоголь жасаған Чичиков, Собакевич, Манилов, Хлестаковтардың типін, Щедрин жасаған Иудушкинді, Помпадурларды, либералдарды, Колупаевтарды, Балалайкиндерді және тағы басқаларды еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті.

Қазақ әдебиетінде Абай жасаған болыстың типі — ерекше зор, ерекше мәнділікпен жасалған тип.

Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.

Осы үзіндіден-ақ болыстың типін көз алдымызға елестете аламыз. Таптық қоғамда, әсіресе феодалдық қатынас үстемдік еткен қазақ сахарасында ел басқару, әкімшілік жұмысқа араласу мәселесі жеке адамның қабілеттігіне, ел басқаруға ыңғайлылығына байланысты емес, дәулетке байланысты болады. Өзінің өнері мен қабілетінің арқа-

---

\* Тұрсынбек Кәкішев (1927) — сыншы, ғалым, педагог. Филология ғылымдарының докторы. «Оңаша отау» монографиясында Абай мұрасының зерттелу тарихын қарастырған көрнекті ғалым.

сында емес, мал мен ақшаның күшімен болыстыққа қолы жеткен наданның істері күштіге жағыну, өзінің «дәрежесін» сақтау жағын қарастыру, еңбекшіні қанаудың амалдарын іздестіру болады. Абай болыстың типін жасауда әсірелеу, теріс мінезін баса көрсету, ұлы мысқылға ерік беру, оның ішкі дүниесін қазбалай көрсету тәсілдерін барынша кең қолданды. Абай шығармасының ішінде «Болыс болдым мінекей» кейіпкердің ішкі дүниесін мейлінше терең ашып көрсететін психологиялық шығарма деуге болады. Жасалмақ тип сырт көрініс арқылы емес, оның ішкі дүниесі толық ашылғанда ғана, көркемдік шеберлікпен көрсетілгенде ғана мәнді, құнды тип болады. Орыстың ұлы сатириктері Гоголь мен Щедрин жағымсыз типтерді жасау үшін психологиялық анализге ерекше мән береді. Щедрин өзі жасаған типтерді анализдей келіп, мынадай қорытынды жасайды: жағымпаздар, әулекілер, карьеристердің және тағы басқа толып жатқан жағымсыз адамдардың сөзі мен ісі бір жерден шықпайды, егер оның өзінің ойын толық жария етуге мүмкіндік берсең — ол мүлдем басқа адам болып шыға келеді, осыны әдебиет зерттеуге, көрсете білуге тиіс дейді. Абай Щедриннің осы принципіні жүзеге асыра отырып, болыстың өзіне сөз береді. Сонда болыс:

Сияз бар десе жүрегім,  
Орнықпайды суылдап,  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымыңдап, —

деп, өзінің ұлық алдындағы бишаралығын көрсетіп қана қоймай:

Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді.  
Өз еліме айтамын:  
«Бергенім жоқ» деп «белімді», —

деп, екіжүзді екендігін де ашып айтады.

Ант ұрғанмын өзім де,  
Бір мінезбен өтпеймін...  
Ояз бардағы қылықты  
Ояз жоқта етпеймін.  
Кәкір-шүкір, көр-жерді  
Пайда көріп етпеймін,  
«Мынау арам, тентек» деп  
Еш кісіні теппеймін, —

деп, өзінің бар адамшылық «қасиетін» жасырмай айтып салады.

## РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЕВ\*

Қазақ поэзиясын жаңа сапалық биікке көтерген Абайдың өзінен бұрынғы күллі көркемдік байлықты үлкен талғаммен меңгергені, олардың олқы жақтарын зерек көре білгені, жақсы өнегені қабылдап отырғаны анық. Абай ауыз әдебиетінен халық тілінің неше алуан астарлы, айшықты мағыналарын, сыры мен сиқырын, телегей теңіз тереңін ұққан және сол байлықты дау-шарларда, ел мәселесін шешерде нақтылы іске жаратып, сыннан өткізіп үйренген. Ақынның, жыршының, шешеннің сөз қолданыс үлгілері, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» аңғарта-тын нақылдар, шиеленіскен шытырман дауды шешетін тосын тапқырлықтар, айтыс өлеңдерінің турашылдыққа әрі алғырлыққа баулитын тамаша дәстүрі — мұның бәрі Абайдың ең зор ақындық университеті десек, артық айтылғандық емес. Сөз құпиясын, оның алмастай алуан қырын, әсерін, қуатын, мүмкіндігін меңгеру, ойларын әрі тапқыр, әрі шешен көркемдеп айту Абайдың алғашқы да негізгі өнер мектебі...

Абай өлеңдерінің көп жолдары халықтың ғасырлар бойында екшеліп, сұрыпталып шыққан мақал-мәтеліндей әсер қалдырады. Оның назым — өлеңі мен нәсір — прозасында жатық қиюласқан, мағынасы терең, жасалуы жарасымды, бейнелі, айшықты, әсем тізбектер тұнып тұр. Олар халықтың нағыз көңіл түкпірінен қайнап шыққан асыл ой меруерті секілді. Кейде Абай сөздігінде ертеден елге қанықты, басқа ақындарда талай рет кездескен тәрізді сезілетін оралымдардың өзі жаңа мағынаға бөленіп, «таныс — бейтаныс» түрге көшкенін көреміз.

Ежелгі қазақ поэзиясымен Абай туындыларын «туыстыратын» белгілер әр тараптан-ақ кездесе береді. Сондай қызғылықты өрнектің бірі — ұлы ақынның өлеңдеріндегі ырғақ, дыбыс қуалау, — аллитерация мен ассонанстардан да аңғарылады. («Самородный сары алтын, саудасыз берсең алмайды, саудыраған жезіне» т. б.) Абай қарасөздерінде ауызша әңгімелеу, сырласу, сұхбаттасу үлгісін сақтаған. Ауыз әдебиетінде жүйрік ат бейнесі идеал — ар-

---

\* Рахманқұл Бердібаев (1927) — сыншы, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті. «Абай тағлымы» кітабындағы «Абай және ауыз әдебиеті» деген мақаладан алынды.

ман ретінде суреттелетіні мәлім. Атқа деген осындай қалыптасқан көзқарас нышаны ақынның өлеңінде («Аттың сыны») айқын елес береді. Сондай-ақ халықтың жыр, өлеңдердегі сұлу қызды сипаттау сарыны да кейбір шығармаларға өзінің табиғи өрнегін сақтай отырып ауысқан («Білектей арқасында өрген бұрым» т. б.) Лиро-эпоста қыздың еріксіздік трагедиясы жиі айтылып келгені белгілі. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрышты хан қолында» деген өлеңінде осы сарын жаңаша деңгейде көрініс берген... Кейде ақын өлеңдерінде қайым айтыстың сырт үлгісі қайталанады. Бұған «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзін» мысалға келтіруге болады... Халық поэзиясында кең орын алған жоқтау өлең жанрының мүмкіндіктерін де Абай ұтымды пайдаланған, осы үлгімен бірталай жоқтау өлеңдерін шығарған. Халық даналығынан үйрене отырып, өз тарапынан қанатты сөз, нақыл, мақалдай тұжырымды тіркестер тудыру өнегесі ақында тіпті мол. («Пайда ойлама, ар ойла», «Досыңа достық парыз іс, дұшпаныңа әділ бол», «Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда» т. б.). Ақын шығармаларында ежелден қанықты, орнықты, бейнелі тіркестердің кездесіп отыруы да олардың халықтық көркемдік дәстүрмен байланыстылығын байқатады.

Шығыстың даңқты кемеңгер шайырларының шығармалары арқылы Абай сол елдердің аңыз, тарих, мифтерін де танып білген. Әсіресе «Шаһнаме» сынды эпопеяда көркем өңделіп берілген парсы жұртының аңыздары мен шежірелері, сан алуан мифтік, тарихтық қаһармандар жайкүйі аса үлкен көркемдік әлем еді. Түркі тілді әдебиетті жан-жақты байытқан Әлішер Науайының «Хамсасында» мол ұшырайтын аңыздар, эпсаналар, рәуаяттар Абайдың өлеңдері мен дастандарында тиісті көрініс берген. Демек, Абай тек қазақтың ғана емес, Шығыс, Батыс авторларының кітаптары арқылы әлемдік фольклордың да айтулы ескерткіштерін білген. «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» дастандарын жазғанда Абай үлкен талғампаздық көрсетіп, шығыс аңыздарын жаңаша мақсатта пайдалануды көздейді...

### АЙҚЫН НҰРҚАТОВ\*

Кемеңгер Абай өзіне дәуір артқан, тарих жүктеген міндеттің ұлан-ғайыр кеңдігін де, мән-маңызын да мейлінше терең түсінген. Ол өзінің асқақ идеяға толы, асқан көркем шығармаларын ермек іздеп, еріккендіктен жазған



жоқ, зор әлеуметтік мақсұт көздеп жазды. Аса қуатты ақындық таланты, классикалық әдебиеттердің тәжірибесіне иек артуы, уақыт рухын, тарих тамырының соғысын қалтқысыз сезінуі оның сол мақсұтына жетуіне мүмкіндік берді.

## ДОСМҰХАМБЕД КІШІБЕКОВ\*

Абайдың тек қана сөздері ғана емес, оның өлеңдері де тұнып тұрған өмірлік философия, кеше де, бүгін де, ертең де кәдемізге қажетті ой-тұжырымдар екені ешкімге жаңалық емес. Оны «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп Абайдың өзі де айтты. Халқымызды әрқашан өнер-білімге, еңбек етуге шақырса, жалқаулықты, енжарлықты, надандықты сынағаны өз алдына. «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз», — дейді жастарды ұйқыдан оятуға тырысып. Ұдайы ізденіп, еңбектенген адам өзі аңсаған биікке, білімге жететіндігін аңғартса, «Отыз жетінші» қара сөзінде осы тұжырымын басқа бір қырынан жалғастырып, ашынған сыңаймен нықтай түседі: «Көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал». Бұл — ешкімнің айтқанына ұқсамайтын ғажап ой-тұжырым!

«Көпте ақыл жоқ» деген Абай сөзіне дәлел ретінде тағы бір реңсіз жағдайды айтқан жөн. Ол — мынау. Соңғы кезде геосаясат төңірегінде қазақ жеріне көз тігіп жүргендер жөнінде, оның шындыққа келмейтіні жайында радио, теледидар арқылы айтылып, газет беттерінде жазылып жүр. Авторлар сол мақалаларында әжептәуір дәлелді пікір айтады. Бірақ соның бәрі дерлік қазақ тілінде жүргізіледі. Немене, бұл қазаққа бүкіл қазақ жері сенікі деп құлағына сіңіру үшін керек пе? Жоқ. Біздіңше, олай болмау керек сияқты. Қазақ қауымына арнайы айтылатын сөз бар, бірақ ол басқа. Айталық, қазақтың намысына тиіп, «прогреске ұмтыл, ескілік шырмауларынан тезірек құтыл» деген сияқты сөздер. Ал геосаясат мәселесін барлығына түсінікті орыс тілінде жетесіне жеткізіп айту керек. Шындық тек тәтті болады деп кім айтты? Ол жағынан қауіптенбеу керек. Оның үстіне орыс халқының ерекше бір психологиясы — санасына әбден сіңіріп айтқан сөз,

---

\* Айқын Нұрқатов (1928—1965) — қазақтың белгілі ғалымы, сыншы, «Абайдың ақындық дәстүрі» деген кітаптың авторы.

\* Досмұхамбед Кішібеков — ғалым, педагог, философия ғылымдарының докторы, Қазақтың Ұлттық техникалық университетінің кафедра меңгерушісі.

кейін балталасаң да сөгілмейді. Орыс халқы толқыма емес, табанды, қашан да әділдік жағында. Орыс халқына түсіндірсең, тарих шындығын бүкпей айта білсең, соған тоқтайды. Барлық түсініксіз құбылыстар осы жағдайларды ескермегендіктен. Бір кезде Олжас Сүлейменовтың «Игорь полкі туралы жыр» поэмасында кездесетін түркизмді көрсетіп айтқаны үшін, оны ұлтшыл деп айыптамақ болған еді. Кейін түсіне келе, орыстар ол шындықты мойындады. Бұл — халықтың санасына жаңа ойды ендіру оңай еместігін көрсетеді. Тарихта сол үшін қанша данышпандар опық жеді. Абай да жалғыздық көрді.

### ҚҰЛМАТ ӨМІРӘЛИЕВ\*

Сол сияқты Абайдың философиялық көзқарасының көбі адамгершілік мәселесіне келіп тіреледі. Ақын «жеке адамдарды жаманшылықтарынан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады». Сонда оның бұл адамы мейірім, әділет, шапағат, ар-ұят ұялаған жылы жүректі жан және бұл адам жылы жүрек жетекшісі болған нұрлы ақыл мен ыстық қайраттың иесі. Ал осы адам ...«адамзатты махаббатпен жаратқан алланы сүюі, адамзаттың бәрін бауырым деп сүюі, хақтың жолы әділетті сүюі» тиіс, сонда ғана бұл адам толық адам (нравственная личность) болмақ.

Әрине, Абайдың бұл адамы — әрекеттің иесі, ақылдың иесі. Ал бұл екеуі адамға жеке-жеке тұрып, пайда мен залалды, жақсылық пен жамандықты қатар жасата береді. Егер ақыл мен қайратты жүрекке билетсе, адам залалдық пен жамандыққа бармайды. Ақын сөйтті, өзінің идеалы болған осы «толық адамында» — жүректі ең жоғары сатыға қояды да, «жүрек адам денесінің патшасы, билеушісі, әміршісі», — дейді. Нұрлы ақыл, ыстық қайрат және оларға әмірі жүретін жылы жүрек бір кісиде табылса, онда ол «табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам» деген тұжырымға келеді.

Абайдың осы ойлары Әл-Фарабидің: «жүрек басты мүше, мұны тәnniң ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші. Өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді» — деген ойымен үндесіп жатыр.

---

\* Құлмат Өмірәлиев (1930—1985) — дарынды зерттеуші, тілші, ғалым. «Абай афоризмі» деген кітаптың авторы.

## 2 - (өлім

### «МЕН БІР ЖҰМБАҚ АДАММЫН...»

(өлеңдер)

#### КӨКБАЙ ЖАНАТАЙҰЛЫ\*

Семейге Абай келсе, бізде думан,  
Ән салып босамаймыз айғай-шудан.  
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,  
Секілді бір ғылымның жолын құған.  
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,  
Өзгелер отырады аузын буған.  
Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,  
Хәкімдей Аплатон аңырап тұрған.

#### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ\*

Шын хәкім, сөзің асыл — баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хәкім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Сөзіңе құлақ салып баға бермей,  
Қисайып қыңырайды жұртың ниеттес!  
Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр», — деп,  
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.

---

\* Көкбай Жанатайұлы (1863—1927) — Абайдың талантты ақын шәкірті. Абай туралы ең алғаш естелік жазған. Абайдың өмірбаяны туралы мол дерек көздерін берген білгір ақын кісі. Ақынның көп жылдар бойы үзеңгілес досы. Абай шығармаларының толық сақталуына зор үлес қосқан.

\* Мағжан Жұмабаев (1893—1938) — ақын, педагог, аудармашы. Қазақ поэзиясында Абайдан кейінгі орны зор аса талантты ақын. Сталиндік зобалаңда ұсталып жазаланған, соңғы жылдарда ғана жас буын енді тани бастаған, әдебиетте алар орны бөлекше дарынды ақын.

Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:  
Қор болды қайран сөзім босқа, — деме,  
Артында қазақтың жас баллары мен  
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын  
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Жүрген жанның артында ізі қалар,  
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.  
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
Шешен өлсе, артында сөзі қалар.

Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.  
Тоқтамас дүниенің доңгелегі,  
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

## СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ\*

### АЙТЫС

*(Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)*

Байқасаң қазақтығың өзіңде бар,  
Дүниенің генийлігі, пайғамбары.  
Және де ақындықтың бергені бар,  
Сусынын қандырғандай адам жаны!  
«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,  
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,  
Ақындықтың қуаты есіңді алып,  
Бас алмастан оқырсың, қайта-қайта.

\* \* \*

«Қобыланды», «Тарғын» жазған кәрі ақындар,  
Сөзінде, шындығында не мақұл бар?  
Жаратқыш шеберлікке келгенінде  
Олардың талантына кім жақындар?  
Сөздерінен ақиқат ала алмаймыз,  
Сондықтан бәйгі алдына сала алмаймыз,  
Олар надан, ойлауда көп адасқан,  
Бірақ біз ақындығын тана алмаймыз.

---

\* Сұлтанмахмұт Торайғырұлы (1893—1920) — талантты ақын, жазушы, сыншы. Абай мұрасын өте жоғары бағалаған ойлы ақын.

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең,  
Себебі оқымаған, ілімі кем...  
Алса егер Толстойдың тәрбиесін  
Абай да көрсетер ед сондай кепті.  
Кірлі тұрмыс, бақытсыз тарихымыз  
Тым алысқа жібермес түзеп бетті.

### УАҚ\*

#### АБАЙ КІТАБЫН ОҚЫҒАНДА

Күнінде жүз оқысаң жалықпайсың,  
Көз талды, шаршадым деп талықпайсың,  
Бір сөзін бір сөзінен артық көріп,  
Құмар боп, қайта-қайта анықтайсың.  
Бойды ерітіп, буынды алып мағынасы  
Тұрғанда, оған нағып қамықпайсың.  
Сөзі рас, сөзі таза, сөзі ақыл.  
Көңілге бір жері жоқ жабыспайтын.  
Қазақта мұнан артық сөз шыққан жоқ,  
Бағалап: мынау не деп пар ұстайтын.  
Жазушы заман түспей өтіп кетті,  
Ер ме еді бостандыққа шабыспайтын.  
Арттағы қара халқын өрге сүйреп,  
Қамалға қарсы жүріп қарыспайтын.  
Зиянды нәрселерден айыграм деп,  
Мұндайда тұрып алып алыспайтын.  
Жол тауып, жоба тауып, жолдас тауып,  
Халқының жоғын іздеп табыспайтын.  
Есіл ер бұл заманда болмады-ау деп,  
Қазақта қабырға жоқ қайыспайтын.

#### ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ\*

#### АБАЙДЫ ОҚЫҒАНДА

Артында атақты ердің қалса сөзі,  
«Өлді» деп өкінбеймін оның өзі.  
Қисынсыз кедергінің керегі не,  
«Базарлап» болғаннан соң қайтар кезі.

---

\* Уақ — бүркеншік ат. Кім екені белгісіз ақын. 1914 жылы «Абай кітабын оқығанда» деген өлеңіне қарағанда Абайдың тұңғыш кітабы туралы жазып отырғаны байқалады.

\* Тұрмағамбет Ізтілеуов — эрик ақын. Шығыс мәдениетін терең меңгерген, атақты «Шахнаманы» жырлаған, тәжіктің Садриддин Айниімен Бұқара медресесінде бірге оқыған.

Ерлердің ертедегі отіп кеткен,  
Әлі жүр халық аузында алтын сөзі.  
Абайды айтқандарын оқығанда,  
Болады: «Бәрінің де бар— деп, — көзі».  
Өлген соң оған біз де қауышармыз»,  
«Ұйықтасын» торқа болып киген бөзі.  
Ойланып осы сөзге түсінгендер,  
Сүйінер сойдырғандай бағлан қозы.  
Татауы қайбір кәптің тарқамайды,  
Нәрсенің болмағандай қойған тозы.  
Алғанмен қолға бірақ көрінбейді,  
Асылдың қараңғыда ақ пен бозы.

### ОМАР ШОРАЯҚОВ\*

Қазақта ондай ақын қайдан болсын,  
Абайдың оқығанмын өлең сөзін,  
Сол кезде пайда болған маған сезім.  
«Іші — алтын, сырты — күміс» сөз жақсысын,  
Уаһ, дарық! Ескермепті албырт кезім.  
Ақынның қасіретіне ортақ болып,  
Етер ем қайғысына қатаң төзім.

Не пайда, мезгілінен кейін қалып,  
Арманда «көрмедім» деп екі көзім.  
Қазақта ондай ақын қайдан болсын,  
Ақылдың аңдап білер алтын, жезін.  
«Қалай да содан тәлім алам ба» деп,  
Тежеймін ертелі-кеш өзімді-өзім.

### ОМАР ШИПИН\*

#### АҚЫН АБАЙ

Өлеңнің сардалаға отын жаққан,  
Теңіздей тебіреніп толқын атқан.  
Атасы асыл сөздің — ақын Абай  
Жұлдыздай жыр дегенде жүйткіп аққан.

---

\* Омар Шораяқов — Сыр сүлейлерінің бірі атанған халық ақыны.

\* Омар Шипин (1879—1963) — халық ақыны. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысының белсенді жыршысы. Амангелді батыр бейнесін жырлаған дарынды ақын.

Пушкин мен Лермонтовтан тәлім алған.  
Орыстың өлеңімен қаруланған.  
Ол өткен өксіп со бір күңгірт күнде,  
Көзде жас, жүректе шер, көңілде арман.  
Ол кезде қадірлі өлең еленбеген,  
Арзан боп ақын даңқы теңелмеген.  
Ал бүгін ақын Абай төрде отыр,  
Сыр ашып жас ұрпаққа өлеңменен.  
Ол тірі, мәңгілікке ол өлмейді.  
Ақынның асыл сөзі көнермейді.  
Тартады келешекке керемет жыр,  
Алдында асулардан бөгелмейді.

### ИСА БАЙЗАҚОВ\*

#### ТІЛ КЕСТЕСІН ҮЙРЕТКІШ АБАЙ БІЗГЕ

Таңдамалы тәтті тіл — Абай тілі,  
Ақынға дос, жаныңа тиеді жылы.  
Шымырлатып денеңді, сүйсіндіріп,  
Шертіледі жүректің нәзік қылы.  
Сөзі сұлу ыңғайлы сорғалаған,  
Кейде ащы, кейде майда жорғалаған.  
Жымын тауып, сылқ етіп орнын басар,  
Түрсіз сұр сөз көрмейсің сылдыраған.  
Айқын түсіп әнде де әсерлі аңқып,  
Еркін айтып түйінін, есе шалқып.  
Мейіріңді қандырып тапқыштығы  
Дер жеріңе тиеді денең балқып.  
Кейде серпіп, серуендеп аспан асып,  
Кейде қалам шабытпен құп жарасып.  
Мазмұн мен кестесін дәл түсіреді,  
Қисын іздеп кетпейді асып-сасып.  
Әсіресе Абайдың ақындығы,  
Таңдамалы сөзінің татымдығы.  
Ақындарға көп үлгі шеберлігі,  
Міне бізге Абайдың жақындығы.  
Кел ақындар, күйлі тіл, көркем сөзге,  
Сының болса, өзің тап бұдан өзге.  
Бет алысың, табысың еліңдікі,  
Тіл кестесін үйреткіш Абай бізге.

---

\* Иса Байзақов (1900—1946) — аса талантты, импровизаторлық ақындық өнердің теңдессіз шебері, артына мол шығарма мұра қалдырған.

## ҒАЛИ ОРМАНОВ\*

### АБАЙ АУЛЫНДА

#### Асуда

Қашанғы кәрі Ордаңың  
Қарасаң жым-жырт тасына.  
Танисың Абай жолдарын  
Асыра тартқан ғасырға.  
Жағалай алуан тұр жартас  
Ажымды, үнсіз, томсарған.  
Тұрысы қалай көз тартпас,  
Түрінде қалса сонша арман!  
Шырқаған балғын Шүкіман  
Тербете түнде сол маңды.  
Сабақтап сол ән, жоқ күмән,  
Туғызған нелер толғауды.  
Алыста жанған жұлдыздай  
Алғызған еске Тоғжанды.  
Ақынға мойын бұрғызбай,  
Ағытқан шерін ол зарлы...  
Ойлана мен де қозғаймын,  
Көңілде жатқан сол әнді.  
Ішімнен ылғи маздаймын,  
Аңғарған жандай соларды.  
Жағалай тауға қараймын,  
Жазуын көрген кісідей.  
Тасын да сыйлап, аяймын  
Ақынның ескерткішіндей!..

#### ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ\*

### 1. ШҰРАЙЛЫ МЕКЕН, СҰЛУЛЫҚ

(Ұлы ойшылдың ізімен)

Армысың Шыңғыс, ардағым,  
Абайдай қасиет Парнасы.  
Ұлы ақын әділет, арманның  
Өзіңнен алған арнасын.

---

\* Ғали Орманов (1907—1978) — қазақ халқының көрнекті ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

\* Әбу Сәрсенбаев (1905) — ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.



Орнапсың алтын діңгектей,  
Арқаның алып төсіне.  
Жырлауға шолақ тіл жетпей,  
Суретші болмай өкінем.

Көркемдік музей — дер едім...  
Әр шоқың алуан ертегі.  
Бәрі де тарих дерегі,  
Шетінен шежіре шертеді.

Орманда ойға мүлгіген,  
Мұзбалақ қыран шыңдарда.  
Бөктерің жидек, бүлдірген,  
Күркіреп өзен құздарда.

Көз тартып көрік маңайы,  
Беріпті тәңірім бар сыйды.  
Көкорай шалғын жаз айы, —  
Көк теңіз болып шалқиды.

Қарауыл — берік босағаң,  
Маңына маңғаз қарапты.  
Жолбарыс жонды жоталар, —  
Бауырынан бұлақ тарапты.

Келісіп жатыр көлденең,  
Көкжиектен әрі асып, —  
Оқысақ Абай көзімен,  
Ғажайып неткен жарасым!

Сыңғырлап тіп-тік қиядан,  
Қарғиды тамшы маржандар, —  
Қызыға тұрып ұялам,  
Қарауға әсем арманға.

Сонау бір мөлдір ақ айдын,  
Сағыныш бұзып тыншуын.  
Оқудан қайтқан Абайдың,  
Қандырса керек сусынын.

Шілікті кезең, тыныш түн,  
Сүйсіне үнсіз қараймын.  
Құшақтап жатқан Шыңғыстың,  
Сыр сандығына санаймын.

## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ\*

### ШЫҢҒЫСТАУДА

Арқаның арланындай алып Шыңғыс,  
Көргелі келдім аңсап, көрдім тұңғыш.  
Көтеріп әкетесің көңіл күйін  
Мүлгіген ойға шомып бұйра шың құз.

Қараймын Қарауылдан аймағыңа,  
Ұшырып қиял құсын қайдағыға,  
Мекені ақындар мен батырлардың  
Сүйсінем Шыңғыс сенің айбарыңа.

Бұл жерге кімдер келіп, кім кетпеген,  
Шертуге бар сырыңды тіл жетпеген.  
Ағасы ақындардың туған жерге,  
Біз келдік інілік бір міндетпенен.

Аралап кең алқабың, тау саласың,  
Кең өмір кенересін қаусарасың,  
Жатсаң да күндіз-түні бірдей жырлап,  
Бұл жердің сырын қайтып тауса аласың.

Хан, Орда, Дегелең мен Құндызды Арқат,  
Дейтін жер: — «шіркін көңіл құмар тарқат!»  
Айнала Қарауылды дөңгеленген  
Ырысты дастарқандай жатыр алқап.

Көрініп колхозды ауыл айналадан,  
Шақырып, көкірегіңді аймалаған,  
Бұл бір жер еркіндетер өз үйіндей,  
Келсең де қайсы үйден, қай қаладан.

Сапырса сарала егін, алқапты дән,  
Қара бұлт қоңыр белден мал қаптаған,  
Ешпі алған еңбегімен ұл мен қызың  
Ата-ана алғыс айтып ардақтаған.

---

\* Қасым Аманжолов (1911—1955) — қазақтың аса көрнекті ақыны. Олеңдері көптеген халықтардың тіліне аударылған. Қазақ поэзиясына жаңа түр, мазмұн, соны ырғақ қосқан дарын иесі.

Бақыт пен берекенің кең өлкесі,  
Екенсің шіркін Шыңғыс жер еркесі.  
Қарайсың Қарауылдан Жидебайға  
Көрініп ақын атаң көлеңкесі.

Қарайсың Қарауылдан Жидебайға  
Бергендей күнде сәлем ұлы Абайға,  
«Түбіне жүрегіңнің терең бойла»  
Абайлық азаматтар, сөзді абайла.

## ҚАЛИЖАН БЕКХОЖИН\*

### АБАЙМЕН СЫРЛАСУ

Жылыс бітті.  
Жалғыз мен залда қалдым.  
Өтті міне,  
Өлеңге арнаған күн.  
Сонша неге шуладық?  
Басым мең-зең...  
Маған төрден қадалып  
Қараған кім?

Ойлы көзбен  
Ол төнді қабырғадан,  
Көрді-ау жаңа  
Біздерді дабырлаған.  
Әлде ұнатпай қалды ма?  
Не түйінді?  
Не айтпақ екен өзі,  
Қазір маған.

— Абай-аға,  
Дауымыз жақпады ма?  
Уақытымыз жоқ  
Өзіңдей баптануға —  
Жыр шіркінді  
Түйдектеп жазамыз да,  
Асығамыз  
Жарыса мақтануға.

Биігіндей  
Жыр деген даналықтың —  
Сен жазыққа  
Асқардай дара біттің.  
Біз көппіз ғой,  
Төбе мен төмпешіктей.  
Сен шыңысың —  
Жүз жылғы аралықтың.

Өзіңдей биік құз жоқ.  
Арамызда  
Таласпаймыз,  
Таппаған тұйықты іздеп.  
Жаңа ғана көрдің ғой  
Таласамыз —  
Абайдан соң қайсымыз  
Қайсымыз биікпіз? — деп.

Сен өлеңді жазбадың  
Жұлде тілеп.  
Атағыңды тараттың  
Жыр жетелеп.  
Кітапсыз-ақ  
Даланы кезді сөзің.  
Қаламақы қумадың  
Сен ентелеп.

\* Қалижан Бекхожин (1913—1990) — ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Ал, біздер ше?  
Том-томдап  
Жыр құрамыз.  
Жүлде десе —  
Мен бар! — деп  
жұлқынамыз.  
Бұйымдарын өткізген  
бақалшыдай

Жыр бағасын  
Бұлдауға ынтығамыз.

Иә, бізде көп  
ду жиын, қызу кеңес,  
Өлең үшін  
боламыз қызыл өңеш.  
Арамызда аға жоқ  
Сендей дара  
Жасымыз да —  
Көкбайдай кішік емес.

Бәріміз нән...  
Сөз сырын кім сараптар?  
Сынға қырын  
Әлі көп қисалақтар.  
Дарындылар аз емес,  
жырға шебер.  
Аз да емес.  
Сөзуарлар тілмен шенер.

Ал, сен жалғыз ашындың.  
Ойлар тулап,  
Армандарың  
Шашылды сайға құлап.  
Біз мың ойды  
гүлесіп, жаңғыртамыз —  
Шуламай ма  
Тасырда қайнар бұлақ?

Сен заманнан —  
біз өскен дәуір мықты!  
Арқалатты  
Жырға да ауыр жүкті.  
Жалғыз емес —  
жүз Абай  
Қажет шығар,  
Тербетуге қазіргі  
қауым-жұртты.

Кеше гөр!  
Бұл сырым ғой  
айтылмаған!  
Сыр ашпаса —  
Шыдайды қайтып адам...  
Ол күбірлеп,  
Қозғалып қалды білем, —  
Абай аға,  
Не ойладың, айтшы  
маған?...

## МІРТЕМІР\*

### АБАЙ АТА

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,  
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.  
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,  
Елдің даңқын жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

---

\* Міртемір — өзбек халқының айтулы ақыны. Қазақстанда Түркістан ауданында туып-өскен. Абайды өзбек тіліне сапалы, көркем аударған аудармашы.

Замандардан зарлап өмір, қаншалықты көрді азап,  
Туған жердің күш-қуатын бүгін ашты бұл қазақ.  
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,  
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай, кім?

Алдында оның — айдай әлем, ойға кеткен бір түпсіз,  
Көсемдей ол құдіретті, азаткердей үн-түнсіз.  
Қарайды ол жасыл баққа... Оралады ән оған,  
Жел ызыңы, құстың үні сыр шертеді жаңадан.

Жұпар иіс сезесіз бе? — Жайлау қазір жап-жасыл.  
Ат дүбірін естисіз бе? — Жылқы жонда салды асыр.  
Алатаудың шыңдарына жайылып ақ құшағы,  
Көлеңкесі көлге түсіп, самолеттер ұшады.

Жердің жүзін, күннің көзін алып жатыр егісі.  
Бір жағында тасқындайды қазба байлық, кен ісі.  
Барлық жерде, аясында нұрын төккен арай күн,  
Орыдалып жатыр бүгін ақ арманы Абайдың.

Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,  
Бүгін міне, шықты қазақ өнер, білім шыңына.  
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,  
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.

Жазда барсаң, қыста барсаң — Абай отыр бір қалып.  
Көптер болып иығына қонақтайды жыр барып.  
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде — ол көк аспан  
Түнде жұлдыз жыпырласып көруге оны таласқан.

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,  
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.

Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,  
Жаңа күнді жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

1970 ж.

## СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ\*

### ӨМІРІ ҰЗАҚ ӨЛЕЦІНІҢ

Сөз атасы Абайдың  
Ұмытады атын кім?  
Жырларына қараймын  
Өз жүзіндей ақынның.

Кейде Абай толғанып,  
Жастық атты жазды жыр.  
Жаттады қыз қолға алып,  
Сыбырласты жазғы гүл...

Өтеді көз алдынан  
Сұрқы қашқан сұр дала.  
Жартастарға қалғыған  
Қарайды ақын мұңдана.

Ізі түспес жылдардың  
Өмірі ұзақ өлеңнің.  
Ақын Абай жырларын  
Құшақтап алды келер күн.

## ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ\*

### МҰҢЫЦНАН ҚАНЫҚТЫРШЫ, АБАЙ МЕНІ

*Қайғысыздан сағ бол,  
Қайғылыға жағ бол.*

Абай.

Қайран Абай, сендейсіз

жесір өлең.

Кереметінді кеш білсем, кешір ием.  
Ұлылығын тұлғаңның ұққан сайын  
Мен түскі көлеңкедей кішірейем.  
Құдай саған ат берді, ас та берді,  
Болмасаң да ми берді бастар елді.  
Махаббат та жыршысын мүсіркейді,  
Мұрагер боп

қаншама жастар өрді!

Қақ айырып қырық жамау жүрегінді,  
Қазағым деп,

жұртым деп

жыр егілді.

Озбырлықты көшпедің әкеңе де,

Әділеттің арман боп бар егіні.

Ала болса бір тәнде

---

\* Сырбай Мәуленов (1922—1993) — ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

\* Жұбан Молдағалиев (1920—1990) — эпикалық сарындағы азаматтық сезімі асқақ ақын. Қазақстанның халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті қоғам қайраткері.

бас, қол, тілек,  
Жанымызға от,  
жүрекке  
тас бол дер ек!  
Сенде ала жоқ,  
ыза, мұң, ізгілік боп  
Жырларыңда тұрғандай  
жас мөлдіреп.  
Мен жүріпін қолда жоқ  
ай, күнге алаң  
(Жоқты да бар дегізді қай күн маған).  
Даналығың, дырлығың өз алдына  
Өре жетпес биіктей қайғың маған.  
Ауыс қылшы демеймін талантыңнан  
Өзге Абайды таба алмас дала мыңнан.  
Жұғар ма екен жырыма  
қанықтыршы,  
Жұртым деген қайғыңнан,  
дана мұңнан.

09. 1988 ж.

## СОРОНБАЙ ЖУСУЕВ

(қырғыз ақыны)

### АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ

Алматыда Абайдың тұр елесі,  
Ол қола ма? Жоқ, жоқ. Қола демеші!  
Ол Абайдың күй мен саздан құйылып,  
Жыр мен ойдан сом соғылған денесі.  
Дәйім күтіп тұрғандай-ақ жолымнан,  
Барған сайын мен Абайға жолығам.  
Маған қарап сұрағандай: «Қырғызым,  
Елге қандай жеміс бердің қолыңнан?  
Ертеңіңе жыр жаздың ба жағымды?  
Өлмес өлең таба алдың ба дарынды?  
Иә, болмаса, жел қабыз боп алданып,  
Желге ұшырып жүрсің бе екен бағыңды?»  
Мен жанынан өткен сайын Абайдың,  
Сымбатына сұқтанам да қараймын.  
Әрдайымда жолыққан соң данаға,  
Ой мұхитын кешіп кетем талайлы.

20. VI. 74

## ТІЛЕУБЕРГЕН ЖҰМАМҰРАТОВ\*

### АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ

Ақын тұр алға оң қолын созып,  
Тұлғасы биік қатардан озық.  
Сөздері жаңа,  
Жүрегі таза,  
Қалмайды, сірә, ескідей тозып.  
Зарыққан болса бұрында Абай,  
Халықтың қазір жырында Абай.  
Москва, Киев, Ереван, Баку,  
Ашхабад, Нөкіс, Қырымда Абай.  
Көрінер түсім, өңімде Абай,  
Мұхтардың ұлы томында Абай.  
Қай жаққа барсам алдымнан шығып,  
Кездесер жүрген жолымда Абай.  
Соғылған жүрек бойымда Абай,  
Әмуді кезсем қолымда Абай.  
Негізгі орны Алматы екен,  
Бүгін тұр биік тұғырда Абай.

26. VI. 74 ж.

### Н. ЖАРҚЫНБАЕВ\*

#### АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНІҢ АЛДЫНДА

О, жастық — ұзақ ғұмырсың,  
Ұйқысыз тосқан көп таңды.  
Табиғат неткен сұлусың,  
Абайға қосқан Тоғжанды.

О, жастық, сен бір тәттісің,  
Қызуы бөлек от қанды.  
Тағдыр-ай неткен қаттысың,  
Абайдан бөлген Тоғжанды.

---

\* Тілеуберген Жұмамұратов — қарақалпақ халқының айтулы ақыны. Шоқан, Абай, Мұхтар туралы арнау өлеңдер жазған, қазақ-қарақалпақ халқының достығы, тарихы жайлы өлеңдері бар.

\* Н. Жарқынбаев — қырғыз халқының талантты ақыны, көптеген өлең жырлары қазақ тіліне аударылған. «Абай ескерткішінің алдында» деген өлеңін қазақ ақыны Серік Тұрғынбеков аударған.



Бейнесін ақын тұрғызып,  
Беріліп алыс ой кеткен.  
Бұрымын желге сүйгізіп,  
Қарайды сұлу бойжеткен.

## СҰЛТОН АҚБАРИЙ

(өзбек ақыны)

### АБАЙ ӘНІ

Жаңғыртады менің асқар тауымды,  
Ер Алпамыс басқан гүлді қырларды,  
Мәуелеген бақша менен бауымды,  
Ұлы Абайдың нәзік сырлы жырлары.  
Абай әні — қазақ әні — өз әнім,  
Тебіrentіп тербей білген сезімді.  
Абайымды ардақтаған қазағым,  
Қайда жүрсем айта жүрем өзіңді.

## МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ\*

### ЖЫР ТӘҢІРІСІ

(Абайға)

Қиын ғой құдайды атау құдайсызға:  
Сіз осы адамсыз ба, құдайсыз ба?  
(Бұл сөзім кей жасқаншақ сыншылардың  
Естілер құлағына тым жайсыздау.)  
Күні жоқ өссеңіз де елде мұңлы,  
Жүректе мол өсіріп гүлдерінді.  
Ойлапсыз өз халқының алыс қамын,  
Мезгепсіз біз келетін күнге нұрлы.  
Талайын жарып өтіп жолда құздың  
Біліпсіз құяр жерін арнаңыздың.  
Тоғысқан тоқсан елдің жырыменен  
Томың жүр көшіп қолдан қолға біздің.  
Қиын ғой құдайды атау құдайсызға:  
Сіз осы адамсыз ба, құдайсыз ба?  
Өлеңнің тәңірісі болмасаңыз,  
Тап бұлай тебірене жырлайсыз ба?!

---

\* Мұзафар Әлімбаев (1923) — ақын, жазушы. Абай мұрасын таныту жолында өзіндік ерекшелігі бар зерттеу еңбектерінің авторы. Қазақстан Республикасының халық жазушысы.

## ТОҚАШ БЕРДИЯРОВ\*

### АБАЙ

Иемдеп ашу-ыза, талай кекті,  
Ғұмырын місе тұтпай Абай да өтті.  
Ойшылды ел-жұртына өгей еткен,  
Ойпырай қу замана қалай епті?

Көз жасын шүпілдетіп зер кесеге,  
Жыр жазды,  
Қаламақы бермесе де.  
Бай болсын, мейлі, жарлы, сері болсын!  
Абай ғой,  
Ол Абай ғой не десең де!

Сөзінің нарқын айтып пұлдамаған,  
Байлық пен жиһазын құндамаған.  
Елжіреген жүрегін елі ұқпады.  
Не шарапат,  
Не рахым бұл даладан?!

Ұлы ақынға етті ғой қоныс тарлық,  
Күш қайда надандықпен соғысарлық!  
Тұрғанда жалқыланып, жан қайғырып,  
Оны қайдан тойдырсын тоғышарлық?!

Дерт шалып,  
Хал-ахуал мүшкілденген,  
Мұндасты ол —  
Лермонтов, Пушкиндермен.  
Өлеңін бөбегіндей алданып қып,  
Көз салды тырналарға үшкілденген.

Жанына серік етіп жыр ғашықты,  
Күңіреніп қыр кезді, жолға шықты.  
Қымыз ішіп, тоғайып ет жесе де,  
Көңілі селкем,  
Әйтеуір ол ашықты...

---

\* Тоқаш Бердияров (1925—1987) — өзіндік ерекшелігі мол көп қырлы ақын. Ташкентте балалар үйінде тәрбиеленіп білім алған. Көп жылдар бойы матрос болып, теңізді жырлаған, әлеуметтік мәселеге өткір зейін қойған, азаматтық сезімі күшті ақын.

Сөйлесе сөзі анық, көзі қанық,  
Өмірге ұрпақ келді сөз ұғарлық.  
Шүкіршілік...  
Мұрт басар ұстара бар...  
Абайдың өзін де алдық,  
Сөзін де алдық!

Өтті ғой бұл өмірден талай текті,  
Ғұмырын місе тұтпай Абай да өтті.  
Ойшылды ел-жұртына жетім қылған,  
Ойпырай, қу замана қалай епті?!

## ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ\*

### АБАЙ ҚАСЫНДА

Жартасқа барған жалғыздың  
Дауысы күнде тың шықсын.  
Түн күзеткен байғұздың  
Құлағы сорлы нені ұқсын?!

Сәлем еді айтқан бүгінге,  
Араға тастап талай жыл.  
Күндіздей жарық түні де  
Жадырап қазір Абай жүр.

\* \* \*

Теңізде туған толқынның  
Татулығы тым ыстық.  
Бірінің бірі қолтығын  
Сүйеп жатыр сүйісіп.  
Сондай-ақ досым, біздерге  
Дау айтады қандай жан?  
Жыр қатарын тізерде  
Жаралдық десек Абайдан?!

\* \* \*

Жыр жазамын дегенде  
Сөзден тияр лас, бөтен.  
Жетімдік көрмей өлеңде,  
Әкесі болған жақсы екен!

---

\* Ғафу Қайырбеков (1928) — ақын, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

## САҒИ ЖИЕНБАЕВ\*

### АҚЫН АРМАНЫ

Жүрегін ыза, кек кернеп,  
Жазған жырын Абайдың  
Оқысам ойым көкке өрлеп,  
Үңіле түсіп қараймын.  
Қайғыны батқан жанына  
Шығарып сыртқа өлеңмен.  
Халқының болашағына  
Көз жіберді ол тереңнен.  
Жанындай сүйіп өз елін,  
Жырлады оның тағдырын.  
Қайғысы өртеп өзегін,  
Аңсады бақыт, таң нұрын.  
Ұлы ақын күткен жарық күн  
Сәулесін төкті біздерге.  
Достығы бекіп халықтың,  
Арнасын тапты ол бұл күнде.

## ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ\*

### ҰРПАҚҒА ТІЛЕК

Туған елді қалай сүйсең, оны, жаным, солай сүй,  
Жүрген сайың, өскен сайың сен аласың одан сый.

Ол жүрегін, ақ тілегін ұсынады саған кеп,  
«Өнерпаз бол, білім ізде, босқа жүрме, балам!» — деп.

Өскен сайың, жеткен сайың ол да саған жақындар,  
Сонда барып ұлы Абайды ұқтым деуге хақың бар.

Қазақ болып келер күнге көз талғанша қараған,  
Сенің мына бақытыңа мәңгі ортақ сол адам.

Ұлы Абайды адамдықтың, ақындықтың кені де.  
Ұлы Абайды ұқпасаң сен, ұқпағаның мені де.

Нені ұқтың сен дүниеден, жас жүрегің не білді,  
Ұлы Абайды сүймесең сен, сүймегенің еліңді.

---

\* Сағи Жиенбаев (1934—1994) — қазақтың көрнекті лирик ақыны.

\* Тұманбай Молдағалиев (1935) — ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Оны айтуға аузым менің ешқашан да бармайды.  
Сахарада сол ұлы жан бақыт күтіп сарғайды.

Сол Абайды бізге берген халық қандай тамаша,  
Сол Абайдан түсіп тұрған жарық қандай тамаша.

Сол сәулеге жүрегімді жылытып жүрмін әлі мен.  
Жыр атасын ардақтай бер жүрегі жаз, жаны кең.

Абайды ұқсаң — үйден ұзап, ұзақ жолға шыққаның,  
Абайды ұқсаң — өзіңді де түсінгенің, ұққаның!

## ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ\*

### АБАЙ

Көтермейді көлкүді, көбеңсуді  
Қаһарлы ойдан өрілген өлең сырлы.  
Қатал заманнан шыққан қайырымды жан  
Қара тасқа көктеген емен сын-ды.  
Дара туған тұлғалар, ең кемінде,  
Қалады екен ешкімге теңгерілмей.  
Осал ортадан шыққан мықты кісі  
Мықиясыздың буынған белбеуіндей,  
Қазыналы жан алтынын төккен күлге,  
Қоймапты ақыр кейітпей, кектендірмей.  
Қараңғы елде жарқырап туған өлең  
Қара түнде маздаған отпен бірдей.  
Емен-дағы құласа — бетеге екен,  
дара туған тұлғаң да — өтеді екен.  
Тек қана қараңғыда жанған оттың  
жарығы тым алысқа жетеді екен.

### АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ

Бір сенімі бар еді маған да елдің,  
«Ұлғайды арман»,  
Мен-дағы алаң болдым.  
Ымыртта ымырт құсап қоңырайып,  
Өзімді іздеп шығып ем — саған келдім.  
Кетті дейді жыр оңбай... құрысын бәрі,  
Сынышлар жүр том жазып, ырсыл қағып...

---

\* Жүмекен Нәжімеденов (1935—1983) — талантты лирик ақын. Азаматтық сарыны күшті өлеңдерімен оқырман ықласына бөленген дарын иесі.

Жүз мода өзгерді ғой, мың бір заман,  
Түйе жүн күпі киіп тұрсың ба әлі?  
Қара шал-ай, қарашы мойын бұрып:  
Жырды алдым шау тарттырып, қойылдырып.  
Басқа барар жерім жоқ саған келем,  
Қалғанда сөзім жүдеп, ойым құрып.  
Таппаған соң өлеңмен жүрек емін,  
Бір-ақ сілтеп қолымды жүрер едім:  
Туатұғын секілді бүгін-ертең,  
Мыраморға жазылар бір өлеңім.  
Қажып келдім қасыңа қалғиыншы,  
Не қарғыс, не бата айтшы... ал құйылшы.  
Сен маған туған жерім сияқтысың,  
Аңсағанда келетін шалғын исі...

## САБЫРХАН АСАНОВ\*

### АҚЫН ДАҢҚЫ

*(Абайға арналады)*

Кезінде-ақ уыз сүтін әлі ембеген,  
жөргекте шыр-шыр етіп: «Әлем» деген,  
Дауысын тіркеп, барлық жер бетінде  
сейсмикалық станциялар елеңдеген.

Тым сезгіш станциялар елеңдеген  
Ақын ба байқалмаған, еленбеген!  
Туғанда ол — жер сілкініп, тау құралған,  
Сондықтан қосып тұрмын өлеңге мен.

Бұлттың төскейге өрлеп батыл ағы,  
аспанның апшақ таңын атырады.  
Туғанда ол — сулар тасып, көл пайда боп.  
вулкандар бостандыққа атылады.

Кім білген даусы оның өктем шығар,  
Күркіреп күндей болып көкпен шығар.  
Туғанда ол — ыстық жақтан құстар жетіп,  
беймезгіл қыс ішінен көктем шығар.  
Көтермей жыл жылмаңы, ай бұлғаңын,  
ақын ол халқы үшін қайғырған мың...  
Айтшы, Әлем, өзің! Оған тең келмекші,

\* Сабырхан Асанов (1937) — қазақтың белгілі лирик ақыны.

қай патша,  
қай бір биің,  
қай бір ханың!!!

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА\*

### АБАЙДЫ ІЗДЕУ

Абай аға!  
Биікте ме, қайда жүр аруағың?  
Құлағыңа жете ме шағым әнім?  
Көкті кезіп іздер ем — Жерде мені  
шырмап қойды шырғалаң шаруа, мұң.

Жердің беті балшық пен былық әлі,  
жол табады жылнос пен ұры-қары.  
Жұртың даңғой әм надан баяғыша,  
мәз болады бірі-бірін жығып әлі.

Алтын шапақ шашпай тұр қырдың таңы,  
аяқты алшаң басқанға құлмын тағы.  
Саған дерт боп жабысқан ел тірлігі  
бүгін менің жанымды шыңғыртады.

Жылымшы өмір жанымды құлазытты,  
талмап-талмап тауыстым жыр-азықты.  
Құдай емес кісіден келген жұттан  
шөлге айналған, жерімнен құлап ықты.

Апсам деген жұрт көзін қыран едің,  
мерт еткенде сені де құба жерім,  
ел етем деп тыртаңдау не бәсіме  
керек екен десеңші мына менің?

Қалқиды әнің — рухыңның кептері ме,  
ұстаймын деп әуремін текке, міне.  
Дарыныңнан, ойыңнан бермей маған  
тек дертіңді жұқтырып кеткенің не?

---

\* Фариза Оңғарсынова (1939) — өзінің ойлы өлең жырларымен оқырман сүйіспеншілігіне бөленген азаматтық сезімі күшті лирик ақын. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

## ӨМІРЗАҚ ҚОЖАМҰРАТОВ\*

### АБАЙ

Әркім әуес биікке ұшарында...  
— Дейсің тағы шың құзды құшамын да.  
Абай деген — аспан ғой төңкерілген,  
Кім болсаң да жүресің құшағында.  
Асыл мұрат жақсы ғой, таласыңдар,  
Талап қылсаң тау шыңын аласыңдар.  
Абай деген — дала ғой таусылмайтын,  
Ал, оған — кім болсаң да, баласыңдар.

*«Таңғы дауыс». 1971.*

## ҚАЙРАТ ЖҰМАҒАЛИЕВ\*

### АБАЙҒА

Тізеден қайғы-сорды кешіп өткен,  
Сұрқия сұр заманда өші кеткен.  
Саңқылдап өр дауысы, жыр атасы  
Самал боп сахарамда есіп өткен.  
Біз оны ардақтаймыз жыр басы деп,  
Бүгін де, ертең оның сырласы көп.  
Сом ойдан сомдап соғып ұлылықты  
Қалышты ол мәңгіліктің құрдасы боп.

*19. I. 1962 ж.*

---

\* Өмірзақ Қожамұратов — Қарақалпақстандағы қазақ ақыны. Ташкент қаласында оқып білім алған. Бірнеше өлең жинақтары шыққан, бірақ ерте дүние салған дарынды ақын.

\* Қайрат Жұмағалиев (1937) — белгілі ақын, аудармашы.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз . . . . .	3
<b>1-бөлім</b>	
«Жүрегіңнің түбіне терең бойла» . . . . .	4
<b>2-бөлім</b>	
«Мен бір жұмбақ адаммын...» . . . . .	43

Литературно-художественное издание

**АБАЮ КУНАНБАЕВУ ПОСВЯЩАЕТСЯ**

(на казахском языке)

Редакторы **Е. Әкімқұлұлы**

Суретшісі **Г. Н. Сидоров**

Көркемдеуші редакторы **В. Д. Логинов**

Техникалық редакторы **Н. М. Мельник, К. Тұрымбетқызы**

Корректоры **Н. Сағатбекқызы**

ИБ № 6455

Теруге 21.07.94 жіберілді. Басуға 28.10.94 қол қойылды. Баспаханалық қағаз. Пішімі 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қаріп түрі «көдімгі жаңа». Шартты баспа табағы 3,36. Шартты бояулы беттаңбасы 3,517. Есептік баспа табағы 3,186. Таралымы 15 000 дана. Тапсырыс № 834.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Рауан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41-үй.